

П И О Н Е Р



Сентябрь

1953 ЖЫЛ
АМАТЫ

№ 9

Сентябрь таңында

I

Тағы да менің мектебім
Бөледі шаттық үніне,
Толғандай аула көктемнің
Алқызыл сұлу гүліне.
Жүр самсап қызыл галстук
Жарқылдап о жер, бұ жерде.
Класпен тегіс таныстық,
Күтінген көптен біздерге.
Дүкеннен жаңа шыққандай
Жайнап тұр тақта, парталар,
Сырланған ешбір дақ қалмай,
Көне деп кім айта алар!
Отырған былтыр партамнан
Жаңылдым — іздеп таппадым.
Бар еді онда бір таңбам —
Жазып ем балалар аттарын.
Жаңылғанға партамнан
Өкінгем жоқ, қуандым.
Сырлаған соны адамнан —
Көрмесем де — ұялдым.

II

Бөбектер де жүр мұнда
Бүлдіршіндей киінген.
Олар мұндай сапарға
Тұңғыш шыққан үйінен.
Жатырқар емес сонда да,
Жақсы еді қандай өздері.
Қызыға қарап айнала,
Жайнайды оттай көздері.
Әрқайсысы оқыйтын
Класын да біледі.

Кейбірі сонда отырып,
Ашады әліппелерді.
Мұғалімдер қуана
Қош алып жүр барлығын,
Жақсы адамдар тобына
Келгендей тың күш дәл бүгін.
— Бұлар біздің жеткіншек! —
Дейді қартаң мұғалім.
Жеткіншек — олар келешек!
Мен де оны ұғамын.

III

Кім қалай жазды өткізді,
Қайда барды, не көрді,
Мектебіне өздері
Сыйлады әкеп нелерді?
Бәрі де соның айтылды,
Бәрі де соның тартылды.
Әңгіме де, сыйлық та,
Қызықты, әрі эртүрлі.
Көрінді сонда желбіреп
Лагерьлердің жалауы,
Тау қалғып, өзен мөлдіреп,
Шалқыған костер алауы.
Өмірдің берген нұр таңын
Әр қызына, әр ұлға
Тұлғасы да Отанның
Тұрды көздің алдында.
Серт еттік сонда — ол мынау:
Тың күшпен озат оқыймыз.
Соғылды кенет қонырау,
Класта көптен отырмыз.

Жұбан Молдағалиев



ПИОНЕР

№ 9

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің
пионерлер мен мектеп оқушыларына
арналған әдеби-көркем және
публицистикалық журналы

СЕНТЯБРЬ

1953 жыл

Айына бір рет шығады.

Шығуына 15 жыл.



Бірінші күннен бастап...

Қымбатты балалар! Міне көңілді пионер жазы да зымырап өте шықты. Сендер әрі жақсы тынықтыңдар, әрі шынықтыңдар. Жазда пионер лагерьлерінде болдыңдар, қызықты жорықтарға бардыңдар, мектеп жанындағы тәжірибе учасоктарында сан алуан тәжірибелер жасадыңдар, көптеген кітап оқыдыңдар. Бір сыпыраларың үлкендерге көмектесіп, колхоз даласында еңбек еттіңдер. Жолдастарыңмен жолыққанда ертегідей шертетін көрген-білгендерің тіпті көп-ақ.

Бүгін сені туған мектебің туған анандай құшақ жайып қарсы алды.

Біздің еліміз балаларға арналған игілік атаулының бәрін жасап беріп отыр. Айналана көз салшы, — яслилер, балалар бақшасы, мектептер, парктер, кітапханалар, пионер сарайлары — осының бәрі сендер үшін, балалар!

Біздің еліміздегідей дәрежеде адамзат қоғамының ілгері дамығанын тарих әлі білген емес. Осыншама қысқа мерзімде помещиктік-капиталистік мешеу Россия қуатты социалис-

тік мемлекетке айналды. Біздің елімізде халықтар тату-тәтті ынтымақты, ССРО Конституциясы белгілеп берген еркін демократияға сүйеніп достық өмір сүреді. Совет шаруашылығының ұлы табыстары біздің социалистік құрылысымыздың артықшылығын дәлелдейді.

Қомағай соғысқұмарлар шетелдерде аласұрып жаңа соғысқа әзірленіп қару-жарақ жасап жатса, біздің еліміз бейбіт еңбекпен шұғылданып, жаңа университеттер, мектептер салып жатыр. Коммунистік партияның дапа басшылығымен халқымыз коммунизмге қарай нық қадаммен алға қарыштауда.

Халық шаруашылығы өркендеген сайын советтік ғылым мен мәдениет те болмаған қарқынмен дамып келеді. Совет Одағы — кәрі демей, жас демей ондаған миллион адамның оқу оқыйтын елі. Орыс та, қазақ та, украин да, якут та, — кәрі де, жас та — бәрі де оқыйды. Біздің Қазақстанда Ұлы Октябрь революциясына дейін халықтың не бары екі-ақ проценті сауатты болса, яғни жүз адамнан екеуі



Быйыл бірінші рет класс есігін ашқандар.

ғана хат таныса, қазірде біздің республикамызда тоғыз мыңдай мектеп бар. Оларда бір жарым миллиондай бала оқыйды.

Ағылшын кәсіпшілер одағы шығарған «Россия туралы шындық» деген кітапта Совет Одағында болып қайтқан шахтер Яник былай деп жазады: «Біз құрылыс жүріп жатқан жердің барлығында мектепке бірінші орын берілетінін көрдік. Москвада көргендерімнің ішінен маған өте-өте әсер еткен университет болды. Оның көлемі мен сұлулығы совет адамдарының өздерінің білім дәрежесі мен мәдениетін көтеруге жұмсаған күш-жігерінің айғағындай».

Шынында да, совет адамдарының өз отанының игілігі жолындағы творчестволық еңбегінен артық не бар!

Өмір сүру, орнату, жасау — совет адамының ұраны міне осы. Біздің совет жастары да, біздің бақытты балаларымыз да көңілді өмір сүріп, игілікті іспен шұғылданады. Біздің балаларымыз үшін, жастарымыз үшін күн сәулелі болашаққа жол ашық. Әркім өзі калаған мамандығын игеруге праволы. Сондықтан да біздің мектептің бір оқушы қызы емтихандағы шығармасында былай деп жазды:

«Менің құрбыларым оқытушы, агроном, инженер болып халықтың игілігіне қызмет еткісі келеді. Біздің өте жақсы оқуымыз — коммунизм құрылысына қосқан үлесіміз. Адамзаттың күш-жігері табиғаттың долы күшін өз еркіне бағындырды. Ал, біздің совет адамдары — ерекше қайратты адамдар. Біз бейбіт құрылыспен шұғылданып, жаңа қалалар салып жатырмыз, табиғат күштерін өз игілігімізге жаратудамыз. Біз бейбіт адамдар бейбіт өмір сүру үшін еңбек етеміз. Совет адамдары үшін бейбітшілік — бұл көңілді көктем, бұл бақыт, бұл өмір тегігі. Қара күштердің арам ойы болмайды — соғыс өртін тұтандырмаймыз, өйткені бейбітшілік пен демократия латерін бейбітшіліктің берік қамалы — Совет Одағы бастап отыр».

Ал, енді бір оқушының шығармасы барлық балалардың көкейіндегісін жеткізіп айта алғандай көркем жазылған: «Біз ертеңгі күннен қорықпаймыз, өйткені ертеңгіміздің бүгінгі күннен әлде қайда әсем болатынын жақсы білеміз. Сол ертеңгі күнге менің де қатысқым келеді. Мен өз Отанымды, өз халқымды өте жақсы көремін. Сондықтан коммунистік қоғам үшін пайдалы адам болғым келеді. Менің арманымның жүзеге асатынына ешбір күдігім жоқ, неге десеніз:

«Отан — ана біздерге

Ашып берді кең жолды»

Біздің елімізде балалар аталық қамқорлыққа бөленген. Біз сендерге адамзат арман еткен



нағыз бақытты адамдар осылар болады деп қараймыз. Мен өз балаларымды және шәкірттерімді көремін де сүйсінемін, аналық жүрегіммен, оқытушылық жүрегіммен қуанамын.

Отанымыз біздің Совет үкіметі, біздің Коммунистік партия сендерге көп игілік тудырып отырса, көп талап та қояды, балалар!

Совет Одағы Коммунист партиясының XIX съезі тарихи қаулыларында, И. В. Сталиннің «ССР Одағындағы социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегінде біздің совет мектебінің алдына ұлы-ұлы жаңа міндеттер қойылды. Бұл міндеттерді біздер яғни сендер, пионерлер мен оқушылар, сендердің оқытушыларың, біздер, орындауға тиістіміз.

Біздің елімізде еңбек даңқ әперетін, аброй әкелетін, батыр атандыратын іске айналды. Ұлы Сталин осылай деген болатын. Ал, білім алудың өзі де үлкен еңбек. Балалар, сендер осы еңбек арқылы ертең өздеріңе өмірде керек болатын білім аласыңдар.

Қазір жаңа оқу жылына кірісер алдында, пионерлердің сүйікті досы Н. К. Крупскаяның ұмытылмас сөздерін еске алыңдар:

«Шын мәнісінде жарқын, бақытты өмір сүру үшін көп білу керек, баспен де, қолмен де жұмыс істей білуге үйрену керек. Ұрыста винтовка қалай қажет болса, өмірде білім сондай қажет».

Сабақтың бірінші күндерінен бастап, БЛКЖО Орталық Комитеті VII пленумының қаулысы мен оқушылар ережесін тағы да бір рет талқылап шығуларың керек. Өйткені, бұл екі документ мектеп өмірінің негізгі заңы болып саналады.

«Пионер дружиналары мен отрядтар мұғалімге әрбір сабақтың ұйымшылдықпен өтуіне, оқушылардың мұғалімнің түсіндірмесін ынталы тыңдауына, сабақ үстінде белсене атсалысуына, үйге берілген тапсырмаларды мұқият орындауына көмектесуі тиіс». (БЛКЖО Орталық Комитетінің VII пленумы қаулысынан).

Егер пионер дружинасы, отряд өз жұмысын мұғалім-

дермен бірлесе отырып жүргізсе, өте жақсы нәтижеге ие болар еді. Бұл жағдайда пионерлер әрбір істің ретін тауып коллективтің табысқа жететініне күмән келтіруге болмайды.

Негізінен алғанда, біздің пионер дружиналары мен отрядтарымыз терең және тыянақты білім алу жөніндегі күресте мұғалімдердің жақсы көмекшісі болып келе жатқаны рас. Олар дружинада, отрядта, звенода әр түрлі қызықты тақырыптық жыйындар және түрлі пәндерге арналған жыйындар өткізеді. Үлгілі пионер отрядтарында пионерлердің барлығы да сабаққа саналы дайындалып оқуда да, еңбекте де басқаларға үлгі болуды ойлайды. Бірақ, амал қанша, әлі де болса сабақты нашар үлгіретін немесе күзгі сынға қалатын, әйтпесе бір класта екінші жылға қалып қоятын пионерлер де кездеседі. Бұған бүкіл звено кінәлі, өйткені олар өз жолдасының сабаққа үлгеріп алмау себебін дер кезінде анықтай алмайды. Жолдастарың сабақ оқуға жұмылдыра алмайды. Керек болған жағдайда көмек көрсете білмейді. Сондықтан пионерлер БЛКЖО Орталық Комитетінің VII пленумының қаулысындағы нұсқауды ұмытпауға тиіс.

СОКП XIX съезі қаулыларында орта мектепті бітірушілердің мамандық таңдап алуына көмегін тигізетін политехникалық оқуға үлкен мән берілген. Политехникалық оқу жас жеткіншектерге түрлі өндірістік дағдылар береді.

Мұндай дағдыларға сендер эскурсияларда, лабораториялық жұмыстарда, пән үйірмелері сабақтарында және мектеп жанындағы тәжірибе участоктарында үйрене аласыңдар.

Совет мектебінің оқушысы теориялық білімдер ғана алып қоймай, сол білімдерін практикада пайдалана білуге тиіс.

Жаңа оқу жылында сендер көп нәрсе үйренесіңдер. Тек қана жалқаулыққа салынбандар, еңбекті сүйіндер, жақсы оқындар, әдепті болыңдар. Сендердің борыштарың осы.

Бөбек бақыты

(Вера Қондақоваға)

Алқызыл үлбіреген шөк гүл алып,
Сый етті көсеміне бір жас бөбек.
Жүзінде әкелік нұр тұрды жанып,
Шалқытты махаббатын ұлы жүрек.

Оранып шексіз ұлы махаббатқа,
Бөленді қуанышқа бөбек жаны.
Ақырын басқышпенен түскен шақта,
Қол бұлғап алға тартты болашағы.

Бұл күнді мәңгі сақтап жүрегіне,
Көреді партиядан көсем жүзін.
Жетем деп пелер асыл тілегіме,
Партия құшағында сезеді өзін.

Шәден Бектасов,

Қызылорда

Т. Рекина,

мұғалима, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты.



В. И. Ленин мен И. В. Сталин Разливте.

Суретті салған П. Розин.

М. Большинцов пен М. Чиаурели

Лениннің хаты

Июль күндерінің ертеңгі ыстығымен дачадағы шағын станцияға қала маңына жүретін поезд келіп тоқтады. Ол Петроградтан келген поезд еді. Вагондардан саналуан көп адамдар шықты, міне, солардың ішінде бір солдат болды. Ол нағыз кәдімгі солдат болатын. Тіпті платформада тұрып алып, әрбір ұшырасқан солдатқа, әрбір жұпыны киінген адамға, осы большевик болар-ау деп күдіктене тіміскіген тыншы да бұл солдатты елең қылмай өткізіп жіберді.

Сонда да юнкерлер отрядымен бірге станцияда дежурный боп тұрған офицер, бұл солдаттың документтерін қарап шықты. Осы бір аласапыран июль күндерінде барлық солдаттардың документтері барлық станцияларда сөзсіз тексеріліп отырылатынды.

— Фамилияң қалай сенің?

— Ершов, поручик мырза,— деп, офицердің алдында тік тұрып жауап қайырды солдат.

— Ал, мұнда не үшін келдің? — деп қазба-лады офицер.

— Балықты сағындым, поручик мырза,— деп айкаусырай мұнын шақты солдат. — Мына, осы көлде менің ағайым балықшы, балық аулаушы еді.

— Ендеше жарайды, бар,— деп офицер рұқсат етті.

Ершов, тәртіп бойынша сол жағынан жалт бұрылып, орманға қарай қасқырып жатқан қара жолмен, адымдай жөнелді. Ол қалыптасып алған солдат адымымен аяндап келе жатып:

Самға, самға қырандар,
Берілме енді мұң-зарға!
Шатыр тігіп не жетсін,
Лагерь боп қырда тұрғанға! —

деп өлендетіп келеді.

Осы келе жатқан Петроград большевигі Василий Тимофеевич Ершовтың, шынында, іштей

қаншалық жанын жеп, қысылып келе жатқанын өлеңнің көтеріңкі, көңілділігі, солдаттың жүзінің тым жылылығы, сырттан караушыларға түк сездірмеді. Расында ол: Петроградта поездға отырарда да, вагонның ішінде келе жатқанда да, әсіресе оның документтерін офицер тексергенде де қатты хауіптенген. Тіпті қазір де орман ішінде: осы артымнан ізімді аңдып келе жатқан жоқ па екен деп ол қысылып келе жатыр.

Большевик Ершовқа хат жеткізу жүктелген. Сталин жолдастың хатын осы жерлер де жасырынып жатқан Владимир Ильич Ленинге жеткізу тапсырылған.

Тынық, шалқар көл ну орманның нақ орталығында еді.

Міне, Ершовтың сол үлкен көлдің арғы жағасына жетуі керек. Жаздыгүні бергі жағада жеркенеде тұрушы балықшылар оған қайығын берді.

Ершов қайықты нағыз балықшыларша-ақ салмақпен, көсілте есіп келеді.

Бүі-бүтін, баттастырып тұрып смолалаған қайық су бетінде әшейін, жылмаң қағады.

Қыбыр еткен жан жоқ. Көлдің аласа жағасына Ершов жақындап келді де, секіріп түсіп қайықты қамыстың ішіне апарып жасырды, өзі қабығы кож-кож қайыңның бір ку бұтағын сындырып алып, сокпақпен әрі тартты.

Оның бетке ұстағаны сонау орман алдында шалғыны жайқалған көк алаң. Сол алаңның тап арғы іргесінде бұтамен, жапырақпен, құрақпен жапқан күрке бар. Оның нақ кіре берісінде қыйған жуан ағаштың түбірі тұр, бұл — кітапты үңіле оқып отырған Владимир Ильичке стол болып қызмет істейді. Ленин кітапты, қолына қарындаш алып отырып оқыйтын да, оның ақ жеріне белгілерді жиі қойып, өте қажет жерлерін бөлек парақша қағазға көшіріп қоятын.

Адымдап келе жатқан бір жүрісті естіді де, Владимир Ильич көзін алысқа қадай қарап, алаңды қақ жарып келе жатқан солдаттың Василий Ершов екенін бірден білді.

Ленин орнынан ұшып тұрып:

— А-а, Ершов қой бұл! — деп күшәк ұра, қолын бұлғай оған қарсы жүрді.

Ершовтың да енді жай жүруге тағаты шыдамай, тұра жүгірді.

Ильичті көргеніне жүрегі алып-ұша тағы қуанып: — Сәләмәтсіз бе, Владимир Ильич! — деп қатты айғайлап жіберді Ершов.

— Менің мұнда Константин Иванов бол аталатынымды Сіз естен шығарып қойған жоқсыз ба, — деп ескертті де, Владимир Ильич оның қолын қатты қысты. — Газеттер әкеле алдыңыз ба? Сталин жолдастан хат әкелдіңіз бе?

— Әкелдім, әкелдім, — деп жатыр Ленин сұраған керектерін әкеліп жауап беріп тұрғанына масаттанған Ершов. — Міне хат, міне газеттер.

Ол екеуі күркеге жуықтады.

— Отырыңыз, дем алыңыз, — деді Владимир Ильич, жуықта ғана шауып жал-жалғып тастаған алаңдағы шөпті нұсқап.

Сөйтті де өзі, өзінің столы — жуан түбірге отырды да, дереу конвертті ашып хатты оқуға кірісті. Ол хатты, қарындашын қолына ала, бір жерлеріне белгі қоя отырып, окта-текте: «Солай, солай, жақсы... Сонымен, съезд жүріп жатыр. Әй, мұнда өстіп отыру қандай өкініш» деп те қояды.

Бұл жерде Ершов та мына сөзді қыстырып қалуды мақұл көрді.

— Болмайды, Владимир Ильич, сізге баруға болмайды! Керенскийдің шпиондары Сіздің әр адымыңызды тіміскілеп аңдып жүр ғой.

— Әй, сонда да өкінішті-ау. Сөйтті де Владимир Ильич хатты қайтадан бастан-аяқ оқый бастады. — Съезд өте шиеленіскен қыйын жағдайда өтіп жатыр... — деді толғанып ол.

Ершов мұны Ленин өзіне айтып отыр екен деп ұғып:

— Владимир Ильич, қам жеменіз, бәрі де қаз қалпында болады, — деді.

— Оған сөз бар ма, — деді сеніммен Ленин. — Сталиндей жалынды басшының нысанаға деп түсіреріне сөз жоқ.


Владимир Ильич қағазға үнілді де, енді тез жаза бастады. Ершов оның Сталинге жауап хат жазып жатқанын ұқты. Ол көзін Лениннен алмай қарап қалған.

Ленин жазып отыр. Қайсы кездерде ол ойлана анырып қалады да, көзін шүңірейте аулаққа жіберіп сәл отырып, сонан соң қайта жаза бастайды.

Ол хатқа жұмысшылардың, шаруалар мен солдаттардың мемлекеттік өкмет билігін өз қолына алуы керектігі туралы және бұл міндетті оларға большевиктер партиясы түсіндіруге тиіс екендігі туралы жазды.

Әлдеқайда жоғарыда, қарағайдың басында, тоқылдақтың ағашты тоқылдатқаны естілді. Көл бетінде, аулақта тамыздың баяу ескен тамылжыған ыстық желі жазып отырған қағазды ұшыра желпиді. Ленин ұша желпінген қаразды сол қолымен мығым ұстаған күйінде терең ойға шомады...

Владимир Ильичтің тап сондағы тұлғасы: оның кең маңдайлы жар қабағының астынан сонау алысқа жіберген өткір көздері, Сталинге арнап жазған хаты, ол хаттың қол астында жанды заттай алып-ұша желпінгені Ершовтың өмірбақи есінде қалды.



Алғашқы сапар

Нығмет Ғабдуллин

Повесть

Суреттерін салған А. Воеводин.

(Жалғасы. Басы өткен номерде)

3. БҮЛ СӘТСІЗДІК ПЕ?

Осы соңғы күндері Иван Павлович ерекше көпіді еді. Машинист жәрдемшісі бөлімінің соңғы жылында оқыйтын түлектері арнаулы тапсырма алып, өз беттерімен паровоз жөндеу тәжірибесіне шықпақ. Бұған дейін олар өндірістік сабақтары кезінде депо жұмысшыларына көмектесіп қана келген-ді. Алып паровозды енді өздері жөндемек. Мемлекеттік тапсырма алады. Жауапты міндет атқарады. Я, енді оларды нағыз совет жұмысшылары деп атауға да болады.

Мастерді қуанышқа бөлеген осы жай еді. Бүгін ол өз кабинетінде Жақан және Жарқынмен жұмыс тәртібін сөйлесіп отырған-ды.

Істі қалай бастамақ? Күрделі машинаны қай жүйемен жөндемек? Әр оқушы неңдей міндет атқармақ? Осыларды өндірістік тәжірибеге шықпас бұрын алдынала шешіп алу керек.

— Практикаға барған оқушылар паровоздың басты бөлшектері бойынша бірнеше топқа бөлінуі керек. Әр топқа бір-бір басшы сайланады,— деп Иван Павлович жұмыс жүйесін білдірді де, салмақты сұрау қойып:

— Кімді қай топқа жауапты басшы етіп сайлауға қосар еңдер? Сйларыңды білейін деп едім,— деді.

Иван Павловичтің өз ұйғаруы бар еді, группорг пен старостаның пікірін естігісі келді оның.

Столды қырындай біршынтақтап отырған Жақан түрегелді де:

— Паровоздың маңызды бөлшектерін жөндейтін топқа бастық етіп сайлауға Жарқын мен Сашаны ұсынамын,— деді.

Ол оқушылар тізімі жазылған бір жапырақ қағазды Иван Павловичке ұсынды.

Мастер қағаз бетіне үңсіз ғана бір белгі жасады да:

— Поршен тобына Досовты ұсынамыз ғой,— деді старостаға бұрылып.

Жақан тақыр басын сыйпалай түсіп:

— Мен де қостаймын,— деді де, Жарқынға қарап жымыйды. Бұл жымыйысы «біздің пікірімізді өзін де қоштарсың» дегеннің бет-жүзінде ишарасы болса керек.

— Экипаж тобына Оразбеков басшы болсын. Бұған қалай қарайсың? — деп мастер әдейі сұрады.

Жақан жағын таянып ойланып қалды.

— Махмет жыйналысқа түсті. Жолдастарының алдында қызарды. Енді өзін істе көрсетсін. Махметке жауапты міндет жүктеу, бір жағынан оған қойған сынағымыз болады,— деді мастер.

— Олай болса дұрыс екен, Иван Павлович,— деп Жақан езу тартты.

— Менің ойым да сол,— деді Жарқын...

Сонымен осы кеште бұлар әр топқа бір-бір озат оқушыны басшы етіп сайлап және де оның қарауына адам бөліп, жас теміржолшылардың өзбеттерімен мемлекеттік тапсырма орындауының алғашқы дайындығын жасаған еді.

Осыдан екі күннен соң сап түзеіп депоға беттеген оқушылардың алдында оларды бастап училище директоры мен қарт мастер Иван Павлович келе жатты. Алдыңғы оқушының қолындағы қызыл шашақты жалау толқый желбіреп, етегі булаң қағып келеді. Жінішке қоңыр үндердің қосыла салған шаттық әні шырқалып барады. Толқынды, жігерлі ән екпіндей жоғары көтеріліп аспанда қалқығандай. Бір кез әсем ырғағы нық-нық қайрылып барып, қайта өрши түсіп, алға оқыс ұмтыла ұшқандай болады. Жаңа толқын жастардың іс-мінезін, өршіл жігер-қуатын сездіргендей сүйкімді ән. Топ алдынан рахат еңбектің жылы самалы лепіп тұр. Мастердің қуанышын нұрлана қалған ажары да аңғартқандай. Көзі күлімдей түсіп келе жатыр.

Балалардың бәрі де үстеріне қаракөк әдемі комбинезон киіп алыпты. Олар жел тербеткен гүлдей құлпыра жайқалып депоға кіре беріп еді.

Қандай тамаша! Алып паровоздар, саналуан әнге басқан станоктар, зыр жүгірген көтергіш крандар! Депоға алғаш барғанда, сөз жоқ, осының бәріне де көз алмай құмарта қарап, бір орында тапжылмай қалар ең. Жөндеуге келіп, кезек күткен алып паровоздар ауыз жақта тұр. Барлық дөңгелектері мен басты бөлшектері бөлек алынған паровоз әлпешек тепкендей жоғары асылып қалыпты. Бұдан әріректе, белінен қырқылғандай, машинаның жарты денесі — тендер тұр. Паровоз дөңгелектерінің қажалған табанын тегістеп, қырып, жонып жатқан бандаж станоктың гуілдеп шыққан үні естіледі. Міне-міне, жуан темір ігешекті көтергіш кран ақырын жылжып кеп, дайын дөңгелекті бұрып алып, жерден жаңқадай көтеріп әкетті, депоның сонау шетінде дайындау цехының ірілі-уақыты станоктары — бәрі қосылып, әр үймен жабыла әидетіп депоны басына көтереді. Ал, сен болсаң, осы үнді әсем ырғақты жан толқытарлық сырлы күйлі музыкадай-ақ ұйып тыңдай бергің келеді. Сонда біреу жұмысшыға тән зор дауыспен «алыстан үнілме, ән шығарушы еңбек адамын қасына барып көр» деп те қалар өзіңе. Еңбек күйіне қызығасың да, сүйсінесің. Аброй, атақ әперіп, ер атандырар осы еңбек емес пе, достарым!

Дәл осы сәтте Жарқынды көрсең егер! Оның аққұба жүзі нұр-нұр жайнап кетіпті. Үлкен қой көздері күлімдеп, Иван Павловичке қарай береді. Жүрегі алышұшып әлденеге асыққандай. Мүмкін, ол оқушылардың мемлекеттік тапсырма алып, арнаулы заказдарды орындайтынына қуанып келе жатқан болар, мүмкін ол алып паровозды еркін оңдайтын машина қожасы болғанына мақтанатын шығар. Әйтеуір оны ұшқыр қыял шарықтатып көтеріп әкеткендей сезімде еді.

Жолдастарына көз салды Жарқын. Бәрі де қуанышты, көңілді. Оның дөңгелек жүзі құлпырып, көзі күлім қақты.

Депоға жөндеуге жанада келген үлкен «СО» паровозының алдында аласа бойлы, жасы елулер шамасындағы, бірақ, өкі жап-жас болып көрінетін мастер Сыдықбек тұр еді. Ол оқушыларға екі қолын бірдей көтеріп, сәлемдесті де:

Міне, біздің нағыз резервтер келді, — деді қуанып.

Оқушылар легі паровоздың оң жағына келіп тоқтады. Иван Павлович Сыдықбекпен күбірлеп сөйлесті де, балаларға:

— Депоның аға мастері сендерге алда тұрған негізгі міндеттерді түсіндіреді, — деп хабарлады.

Оқушылар аға мастер сөзін үнсіз ғана ынта қойып тындап еді. Сыдықбек оларға әуелі:

— Бұл депода бұрын да талай рет болдыңдар, — деп бастады. Біздің паровоз жөндеушілердің қасында болып, олардың істерін көрдіңдер.

— Әрине, көрдік, — деді оқушылар.

— Біздің еліміздегі транспорттың басты түрі — темір жол. Бұл жол одақтағы барлық облыстар мен аудандарды бір-бірімен байланыстырады. Өндіріс және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қалыпты айналымын қамсыз етеді, жабдықтарды керекті жеріне мерзімінде жеткізіп тұрады. Түйіндеп айтқанда, темір жол біздің елімізде халық шаруашылығының күре тамыры, Отанымыздың қорғанышпаздығын нығайтады. Міне, сол үшін де темір жол транспортына қатысты жұмыстың барлығы жүйелі, сапалы болуы керек. — Сыдықбек аз кідіріп геометриялық ережелерді айтқандай ғып: — Темір жол транспортының барлық қызметкерлері еңбектің қатаң тәртібіне сай жұмыс атқарады, — деді.

— Әрине, бұл — заң, — деді оқушылардың біреуі.

— Сендердің алдарында тұрған бірінші міндет — осы еңбек тәртібін қатаң сақтау болып табылады, — деді Сыдықбек. — Сендер әуелі паровозды көтере жөндеуде боласыңдар. Рас, сендерге арналған жоспардың басқаларға қарағанда едәуір өзгешеліктері болады...

Біз норманы ересек жұмысшылардан артық орындасақ ше? — деп қалды сөздің бір ыңғайында Махмет.

— Онда тіпті жақсы, — деп жымыйды Сыдықбек, — бірақ, сендердің тәжірибелі, білімді жұмысшылардан бірден оза қоюларың оңай болмас. Оған сол озаттардың ұтымды әдістерін терең зерттеп білу арқылы, білімдеріңді үсті-үстіне өсіре түсу арқылы бірте-бірте жетесіңдер. Әрине, бұған ешкімнің де күмәні жоқ. Ал, қазіргі мақсаттарың — өздеріңе жүктелген тапсырманы мұқият орындау, сапалы орындау. Алғашқы жөндеуші локомотивтерің, міне, мынау тұрған, — деп Сыдықбек үлкен «СО» паровозын көрсетті.

Оқушылар алып машинаға көз жүгіртті. Қай бөлшекті қалай жөндеу керек? Бәрі де көңілдерінде сайрап тұр олардың.

Депоның аға мастері оқушыларға:

— Жұмыстарың сапалы болсын. Міне, көрдің бе, біздің жас буындарымыздың жөндеген паровозын деп мақтанатын болайық! — жұмысқа кірісе беріңіз, — деп жол нұсқады.

— Рахмет! Жақсы! — деді Иван Павлович көңілденіп Сыдықбекке. — Сәлден кейін біздің жөндеушілер балғасының дүрсілі де бүкіл депоны жаңғыртады, — деп аса бір нұрлы шырайға еніп, мақтанып қойды...

Жастар тапсырманы алып-алып іске бірден кірісіп кетуге асығып еді. Бірақ, Иван Павлович саспады. Ол көтеру цехында оқушыларына хауіпсыздандыру техникасы туралы айтып әбден тыянақтап біраз отырды.

Бұл ережелерді балалар білмейді дей ме екен? Училищеге оқуға түскен бірінші жылдың алғашқы өндірістік сабақтарында-ақ олар бұл шарттарды жетік біліп алған жоқ па? Тақа ойсыз болмаса, кім ұмытып қалады екен оны?


Шыдамы таусыла қап, дегбірі қашқан Махмет осыны ойлап кетіп еді. Оның бұл қалпын тыпыршыған ыңғайынан танып қалған Иван Павлович:

— Оразбеков, міне осы ережелерді мұқият орындау жұмыстың сапалы болуының көзі, — деді.

Махмет алақ етіп мастерге қарағанда, өзінің фамилиясы аталғанға таңырқап қалды. Иван Павлович оған емес, басқа оқушыға қарап сөйлеп тұр.

— Ал, паровоз жөндеудің санасы жоғары болса, оның нәтижесі де жоғары. Поездың қалтқысыз, тоқтаусыз жүруіне сенім де мол, — дейді. Бұл міндетті Махметке ғана арнап айтқандай. Оразбеков осылай ұғып салмақ тұта қалып еді.





Бір кезде Иван Павлович әр топқа тапсырмалар беріп оқушыларына тағы да бір жүйе міндеттерді атап өтті. Ақсұр кейін бір шырайдан айнымай отырып, еңбектің қатаң тәртібін ескертті.

— Қазір цех қоймасынан паровоз жөндеуге керекті құрал саймандар аласыңдар. Содан соң «СО» паровозының басты бөлшектерін бөлек-бөлек алып, ажыратуға кірісеміз, — деп мастер сөзін аяқтап еді. Оқушылар мәз болысып, кейбіреулер жымың-жымың қуанып, алақандарын шарт-шарт соғып жіберді...

Бір сәт зәулім деңізі ішінде жаңғырыққан еңбек әуеніне жаңа бір жас әуез ұласты. Мемлекеттік тапсырма алып, алғашқы паровозды жөндеуге жұмылған жас теміржолшылар балғасының, Иван Павлович айтқан жаңғырық үні шыққан-ды.

Жарқындар тобы паровоздың поршен бөлімінің басты тетіктерін бөлек алмақ еді. Топ бастығы Жарқын тапсырма берілген соң-ақ өздері атқаратын жұмыстың жалпы жүйесін әуелі ішінен қайталап, байымдап ойлады. Неден бастау керек? Поршеннің әр бөлшегін даралара бұзып алудың рет, ыңғайы қалай? Осының бәрін Жарқын өз көңілінен қарманған кейіпте. Бұған жауапты ол өзі оқыған кітаптарынан, оқытушыларының ақыл-түсінігінен іздейді. Сақа жөндеушіге бұрын көмекші болып қана келген бала, енді қазір сол істі өзі бастап кетуге батылы жетпегендей. Өңінде қобалжу да бар.

Оның бұл күдігі мастер ақылын естігенде таралып бара жатты. Иван Павлович теңдерді жөндеушілерге: «Асықтау керек. Ең керектісі — аптықтау. Жұмыс сонда сапалы болады. Әуелі қалай жасауыңды ойланyp ал. Соңсоң соныңды орында», — деп кеңес беріп тұрған еді.

Мастер Жарқындарға көз аударды. Досов ұстазына қарайлай берді. «Саған да айтарым осы» дегендей ол бұған бас изеп, енді бастап кетіндер деп белгі етті.

Жарқын паровоздың сол жағындағы цилиндрдің қақпағын бекіткен қалың қырлы винтті үлкен кілтпен

кейін қайыра бұрап қалды. Винт сықыр етіп кері айналды. Жарқын винттерінің бәрінде тез бұрап-бұрап алып, цилиндрдің қақпағын ашты. Паровоздың жүріс екінін тудыратын басты тетігі — золотник міне, осы қуыста бүктүсіп жатыр еді. Бір жолдасының көмегімен Жарқын оны інінен сумаң еткізіп суырып алды.

Ол золотниктің дөңгелек дискаларының көзіне сұғына қалған төрт қырлы күшкене тыянақ темірді тескішпен қағып, шегеріп жіберді де, дисканың бірін алып көрмек болды. Жұмыр білекке нық бекіген диска оның жай қолымен бұрай тартқанына сусып шыға қоймады. Ол кілтінің қырымен дисканы шекесінен ақырын-ақырын қағып еді, дөңгелек темір шың-шың етіп сіресіп аады. Жарқын үлкендеу балғамен дисканы қаттырақ ұрып жіберді, ашулы темір шытынап қоя берді. Дисканың бір беті шырт етіп жарылып кетті.

Жарқын бүтін дисканы бүлдіріп алып, сілейіп тұрды да қалды. Жөндеудің орнына бұзып тұр. Май жұққан комбинезонының жеңімен маңдайынан қысыла шыққан салқын терін бір сүртіп, төмен бүгіліп, мұңайып қалды.

Мұны көріп қасына келген мастерге ол:

— Иван Павлович... байқамай... мен... сындырып алдым... деп беті дуылдап қызарып әрең үн қатты.

Мастер дисканы әрлі-берлі қозғап, байқады да:

— Я- енді жарамсыз болып қалған екен. Золотникті дайындау цехындағы станокке апарып, дисканы сонда алу керек еді, — деді. Кейістігі жоқ қоңыр үнмен ақыл қып айтты.

Жарқын мойны түсіп ұялып отыр. Өзіне ауыр айып артқандай. Істің қырын таппай оқыс қыймыл жасады. Аңғырттық емес, андамады. Бүтін затты бүлдіріп алды. Көптің ісіне кіршік боп жұғардай мұнысы. Осыған күйзеледі. «Жөндеушілер емес, сындырушылар келіпті дейтін болды енді. Барлық балалардың ісіне мен шаң жұқтырдым» деп ойлады ол.

Қарт мастер шәкіртінің бұл халін танығандай еді. Ол жалпақ алақанымен Жарқынды арқасынан қағып:

Оқа емес, Досов, оқа емес. Алғашқы бетте ондай-ондай болады, — деп оқушысын еркелете сынап, жымыя берді. — Сәл ғана андамай калып бір жерін бүлдіріп алсаң, еңбек несібін осылай қызартып та алады...

Паровоздың теңдерін сығалай қарап жүрген Махмет бұларды көріп, оттай қызарып отырған Жарқынның қасына жүгіріп келген-ді. Шытынап жарылып кеткен дискаға үңіліп сығырая қалды да:

— Міне рекорд. Бұған кінәлі кім? Мен бе?.. Тап өзің, — деп кішкене көздерін Жарқынға тіктей қарады. Онсыз да күйзеліп отырған жанға түрпідей тиер қыяңқы сөзбен іліп өтті. Жарқынның сонау бір жыйналыстағы сөзін әдейі еске салып тұр.

Мастер елеусіз ғана Махметке көз салып еді. Бір күйді іші сезе қалғандай... Бірақ оның дәл қазір ешбір сөз қатпағаны несі?!

4. ЖАРЫС

Иван Павловичтің сол сәтте-ақ түйе қойған бір ойы бар еді. Күтпеген істен кенет туа қалған ой. Өзі жақсы көретін екі оқушысының ана жолғы техникалық конференциядан шыға беріп қақтығыса кеткеніне қыйналып еді мастер. Махметтің өзіншіл өрлігі көзге лікті де, тезге түсті. Көп талқысы Жарқын мен оның арасына кеп тұра қалған қырын бөгетті лақтырып тастағандай еді. Ал, бүгін жолдасының сәтсіздікке ұшырар сәтін күткендей Махметтің Жарқынға кеп мұқата сөз тастауы мастерді қатты ойлантты. Өз кемшілігін мойынға алмады ма Махмет? Жоқ әлде көп талқысының әсері аз болды ма оған? Олай болмаса керек еді. Махметтің жыйналысқа түсіп, көптің қатал сынын ес-

тіп қызаруына Жарқын себепші сыяқты. Сол ойдан Оразбеков әлі арыла қоймағандай. «Я, я осылай. Мұны елеусіз қалдыруға болмайды» деді ішінен мастер.

Иван Павлович әр шәкіртінің мінез ерекшелігін жақсы білуші еді. Оқушының өміне барлай ғана қарап, оның көңіл күйін ұға қоятын. Деподағы сапалуан жұмыс сырғына да соншалық жетік адам ол. Отыз жыл бойы темір жол жүйесінде қызмет істеп келеді. Осы жұмыс саласында оның дәмін татпағаны аз-ақ шығар. Ұлы Отан соғысында ол жау тылында қыймыл жасаған қаһарман партизандар тобында болып, гитлерші фашистермен үш жыл бойы шыйқасқан-ды. Оң-жақ қасының үстіндегі тыртық сол сұраныл ауыр күндердің өшпес таябасы еді. Майданнан қайтқаннан соң ол өзінің бұрынғы мамандығы бойынша темір жол училищесіне мастер болып келген.

Иван Павлович Махметке жолдастары алдында ескерту жасауды мақұл тапты.

Жұмыс соңынан староста күндегі әдеті бойынша оқушыларды сапқа тұрғызып еді.

— Қалай, жөндеушілер, шаршаған жоқсындар ма? — деп жымыя сұрады Иван Павлович.

— Ешқандай шаршағамыз жоқ, — деп балалар қосыла жауап берді.

Иван Павлович күлімсіреп оқушыларға жағалай қарап өтті де, жас жөндеушілерді көңілдендіре сөйледі:

— Бүгін жұмысты жақсы істедіңдер, балалар. Әркім өзіне берілген міндетті шамасынша ұқыпты атқарды. Кейбіреуің, әлбетте, істің жөнін біле алмай сәтсіздікке де ұшырадың. Үйрену жолындағы алғашқы қадамда мұндай болады. Бұл үшін ол оқушыны кінәлауға да, мінеуге де, немесе сықақтауға да болмайды. Қайта оған шын ықласымен көмектесу керек. Ол істің жайын, не ретін білмей тұр екен дейік. Сен білсең үйретіп жібер оған.

Мастер бір қолын пиджагінің қалтасына салып, сәл бөгелді:

— Ал, кейбіреу мұның орнына жолдасын кекетеді, сықақтайды. Бұл жөн бе?

— Әрине, жөн емес, — деді балалар.

Мастер сұрау қойды.

— Біздің арамызда ондайлар бар ма?

Оқушылар бұған ешнәрсе дей алмады.

— Бар, — деді мастер.

Ол кім екен дегендей балалар елендей қалды. Бұл — Махмет Оразбеков, — деді Иван Павлович.

Мастер оның бүгінгі қылығын балалардың алдына жайып көрсетті де, қатар алдында Махметке ескерту жасады.

Оразбеков үнсіз қатып тұр. Мұқау сөздің аузынан қалай шығып кеткенін өзі де аңдамай қалғанын мастерге айтуға бір оқталып, қайта іркілді. «Өзімнің қандай оқушы екенімді іспен көрсетемін» деген ойға тіреліп еді ол. Жүйрік үміт алға жетелеп әкетті Махметті. Ол депоның озаг слесарьларына тегеле кетпек те, балалардың ең алдына самғап шықпақ. Қазір бөгелген түйіні, қалаған тұжырымы осы еді. Бірақ, оны балаларға айтудың да, айтпаудың да орайын таппады.

... Келесі күні депода жаңа бір қарқын туып еді. Түскі үзіліс кезінде Жарқын өзінің бір ойын мастерге айтты.

— Иван Павлович, менің бір ұсынысым бар. Біз паровоз жөндеуде депо жұмысшыларының күндік тапсырмасын бір күнде орындай алмаймыз. Бұл рас. Бірақ, жөндеу үшін бірдей уақыт, бірдей күш жұмсалатын тетіктерді бір мезгілде оңдауға болмай ма?

— Ал, өзің қалай ойлайсың. Бола ма, жоқ па? — деді Иван Павлович Жарқынның шешімін білгісі кеп.

— Әбден болады. Иван Павлович. Менің ұсынысым мынау: әр топ өзара жарысқа түссе... Сонда тіпті тамаша болар еді, Иван Павлович!

Әр жұмысты алға бастырып өршітетін, екпін тұрғызатын әдіс — социалистік жарысты ұйымдастырудың қажеттігін Иван Павлович оқушылар тәжірибеге келген күні-ақ депоның аға мастеріне айтқан-ды. «Әр бастама істің барысында туады. Жарыс туып балалардың өзі бастап көтерсін. Бұл қызықты да, екпінді де болады» деп еді ол.

— Балалар, Досовтың пікірін қалай көресіңдер? Қосылуға бола ма? — деді ол Жарқын ұсынысы өз ойынан шықса да, оқушылардың пікірін білмек боп.

— Қосылғанда қандай! Өте дұрыс ұсыныс, Иван Павлович. Жаңа бастама! — деп Саша Бондарчук жұрттан бұрын сөйлеп, өзінің жарысқа түсуге әзір екенін білдірді.

Махмет Жарқынмен бәсекелесе кетуге әзір еді. Енді сәті жеткен сыяқты. Ересек жөндеушілердің міндетін




бірден атқаруға көшпек ойы бар. Жарқынды осыған шақырмаққа бекіді ол.

Бір кезде Махмет Жарқынға жарыс шартын ұсынып тұрды:

— Берілген тапсырманы мүлтіксіз орындау. Және асыра орындау. Еңбек тәртібін берік сақтау. Бұларды дұрыс дейсің бе?

— Ал, дұрыс,— деді Жарқын.

— Жұмыстың ешқандай қиындығынан қорықпау. Мұны дұрыс дейсің бе?



— Айта бер,— деді Жарқын селқос.

— Жауабыңды айт: қиындықтан қорықпайсың ба?.. Бері қара ендеше, паровоз жөндеудің жайы бізге бұрын да таныс болғандықтан, біз ересек жұмысшылардың нормасын олардан қалыспай орындауға бірден кірісеміз. Сені осы үшін социалистік жарысқа шақырамын.

— Бірден кірісеміз деймісің?

— Я, солай деймін,— деп Махмет кішкене көздерін ойнақшытып тұрды.

— Ондай күш саған қайдан келді. Ересек жұмысшыларға теңелу қайда саған. Одан да...

Махмет оның сөзін үзіп жіберді.

— Маған турасы керек. Менімен жарысқа түсесің бе? Жоқ па?

— Сенімен жарысқа түспеймін,— деді Жарқын.

— Қорқасың ғой?

— Пәлі, сенен қорқам ба? Сенімен жарысым келмейді әуелі.

— Үлкен міндеттен жасқанатындар осылай дейді. Жарыспасаң жарыспа. Маған қиын болды-ау мұның! — деп кекесінмен күлді Махмет. Сүйдеді де, өзінің күшін көрсетті.— Бар тая бер! Бүрк еткен шандығымды бір-ақ көрерсің ертен!..

...Көтеру цехындағы көрсеткіш тақтада жана-жана міндеттер жазылған шақыру қағаздар асылып қалыпты. Оқушылар топырлап келіп жазуға үңіліп еді. Әріптерің дөңгелете сап, мәлдіретіп тізіп тастаған мына жазу Жарқын Досовтікі ғой.

«Біз, поршен тобының жөндеушілері, өзімізге берілген тапсырмаларды ұқыпты және дәл уақытында орындаймыз. Әр тетікті мінсіз саналы жөндеу үшін бар күшімізді, өнерімізді саламыз. Осы міндеттерді айта келіп, Саша Бондарчук басқаратын екінші топты социалистік жарысқа шақырамыз...»

Осылай деп жазып, соңына бірнеше оқушы тізіліп қолдарын қойған. Бәрі де орынды, бәрі де жарасымды. Бірақ Махметтің аты көрінбегені несі? Жарқынды бас-

қадаң бұрын жарысқа шақырған сол еді ғой. Әлде мұның жазған қағазын біреу жыртып тастады ма?..

Паровоздың экипаж бөлімін жөндеушілер бір топ еді. Осы топқа теңіз адмиралына команда беріп Махмет жүрген-ді. Машинаның білігіне кигізіліп оны қаптап тұратын букстың болттарын төбеден ұрып, шегінтіп-шегінтіп жіберіп Махмет қасындағыларға:

— Тез болындар, ей! — деді. Паровозды жоғары көтеретін кранға қарап тұрып айғайлап сөйледі. Сірә, тағы бір керемет істі ойлап қойған сияқты. Асығыс, әрі тым шапшаң осы қыймылы сол қалпын аңғартқандай.

Мастер жұмыс ыңғайын бағып жүр еді.

— Паровозды жоғары көтергенде дөңгелектері ілесе кетпесін. Тез көріп, тұтып қал орнында,— деп ескертті Иван Павлович алып кран саусағын иіп әкеп, паровозды қос бүйірінен бұрын көтере бергенде.

Топ мүшелері әзірленіп машинаны екі жағынан аңталап тұрған-ды.

— Әркім өз міндетін атқарсын. Ал, байқаңдар,— деп әмір ете дауыстады Махмет.

Паровоз жоғары көтерілді. Экипажшылар дөңгелектерді оның астынан аулақ шығарды. Алып кран үлкен паровозды баяу жылжытып әкеп төске қойды.

— Буксты бөлек алуға! — деп команда берді Махмет.— Ей, сен немене? Көтергіш механизмді жаңа көргендей аңқылып тұрсың ғой,— деді ол қалпағының күйкағарын желкесіне қарата, бастырып, теріс киіп алып, аспанға қарап тұрған жолдасына.

— Қандай тамаша өзі! — деді анау ыржақтап.

— Тамаша көрсетермін мен саған, бүйтіп аңқылып тұра берсең!..

Анау үндеген жоқ, сол ыржақтаған қалпы езуі жыйылмастан букстың болттарын суыруға кірісті.

Махмет экипаж тобының бөлек-бөлек алған тетіктерін байқап шығып, оның қаншасын жөндеуге беру қажеттігін, жаңағы ауыстырар жарамсыздары қанша екенін анықтап жазып алды. Оның ойында осы бір сәт жарқетіп тұтана қалған үміт оты бар еді. «Асықпа, бәріне де жетеміз. Паровозды ересектермен бірдей көтеретін боламыз әлі» деп ойлады.

Ол теңдерді жөндеушілерге сығалап қарады да:

— Машинистің жәрдемшілері, бір қатарға тұрыңдар,— деді өзі басқаратын топқа.

Комбинезондары май-май болып, беттеріне де қарамай жүкқан төрт оқушы Жақандардың қасына келіп, сіресіп тұра-тұра қалып еді.

— Слесарь, Жақан! Сендерді социалистік жарысқа шақыруға келген экипаж бөлімі,— деді Махмет бойын түзу ұстап, басқалар түгел естісін дегендей сөйледі.

Жақан:

— Несі бар, қарсы аламыз,— дей беріп еді, Махмет оның сөзін бөліп жіберіп, өзі сөйлей ала жөнелді:

— Ендеше тыңда. Жарыс шарты мынадай.— Ол комбинезонның қалтасынан ораулы бір қағазды суырып алып, заулатып оқып кетті.— Жұмысқа уақытынан да бұрын келеміз. Паровоздың қандай күрделі бөлшектері болмасын, тек қатырып жөндейміз...

Үнсіз ғана тыңдап тұрған Жақан Махмет ұсынған шарттарды мақұл көріп еді.

— Шақыру орынды. Жарысқа қосыламыз,— деді ол.

— Ал, енді осы міндеттерді орындаймын деп қазір қолдарыңды қоясыңдар. Қәне, келіңдер. Тездетіңдер! — деп Оразбеков асықтырып тұрды.

Әуелі Жақан, одан соң теңдерді жөндеуші топтың бәрі де шақыруға өз қолдарын қойды.

— Енді бізден қалып қоймауға тырысыңдар! — деді Махмет ескертіп.

Ол жарыс шарты жазылған қағазды көрсеткіш тақтаның ең көрнекті жеріне апарып ілді...

(Жалғасы бар)



Телеухан Сағымбаев

Әңгіме

Суреттерін салған В. Нестеров

1947 жылы август айының 27-не қараған тыныш, жым-жырт бір түн еді.

— Айт, а-а-йт, — деді Қасым аспанға қарап әндете.

Аспанда көк бұйра бұлт тұнып тұр еді. Қасым төмен қарады: қотанда дөңгеленіп, көп қой жатыр екен. Содан ол ауыл төңірегіне көз жіберіп еді: анадайдан қараңдап шошақ бас қара шоқы ербиіп тұрды. Қара шоқы қалғып кетіп тұрған сыяқтанады.

— Айналайын, айналайын, — деп, Асыл ақырын сыбырлап, Қасымның қолынан сыйпады.

Қой мен қозының қақ ортасында Асыл жантайып жатыр. Қасым жанында түрегеп отыр.

Қасымның үш жылдан бергі әдеті осы. Быыл ол тағы да мектептен кайтқан соң, шешесінің жанына қосылды.

Қолхоздағы сап жұмысқа қанша күш керек? Біреу егін күтеді. Біреу шөп шабады. Біреу қора салады. Ал Қасым үлесіне қой фермасындағы күзетті алды...

Міне, сонымен, қазір Қасымның фермада болуының соңғы түні де жетіп отыр. Ақырғы түн. Ертең орталықтағы мектепке оқуға кету керек. Үш күннен кейін жаңа оқу жылы басталады. Жетінші класта қалай оқыйды? Алтыншы класты жақсы аяқтады. Бағалардың барлығы бес пен төрт. Қасымның алған бағаларын көргенде, әке-шешесі оған риза болғандай ештеңе сездірмеді.

Тек болғаны әкесі:

— Қалқам, тырмыс, жақсы оқысаң, бізге де қуаныш, жұртқа да жағымды боласың, — деді.

Әкесінің сөзі Қасымға жаңадан бір қозғау салғандай болды. Ал шешесі Қасымға күлімсіреп қарады. Әке-шешесі баласының оқуын тәуір көрген болатын. Осы жазда Қасым бұрынғысынан көрі ақылды, сүйкімді болып бара жатқан.

Шешесі Қасымның мінезін, ойын, қандай адам болатынын ертеден байқайтын еді. Сол барлауынша баласы бір іске жарауға тиіс.

Асыл қазір осы ойда. Қасым үндемей қалған. Қотандағы қой, маңай құлаққа ұрғандай тыныш. Асыл Қасымның ертең кешке бүйтіп жанында отырмайтынын ойлап:

— Айналайын адам бол, оқуынды зер сап оқы, айналайын! — деді.

— Ай-й-ай-т, ай-й-ай-т! — деп, Қасым шешесінің еркелеткен сөзін тыңдамады.

Қасым айтағын тоқтатып орнынан тұра беріп еді, қотандағы қойдың бір шеті дүр етіп үрікті. Бала қой үріккен жаққа қарай айғайлай ұмтылды. Асыл да саскалақтап орнынан тұрды да, екі-үш рет айтақ салып, Қасым жаққа беттеді.

Осы мезетте қойдың үріккені басылып қалған, бірақ бақайлары сыртылдап, бірін-бірі жаныша басып, әлі естерін жыйнай алған жоқ еді. Әр жерден «бақ» еткен ешкілердің дыбыстары шығып тұрған.

Әлгіндегіден көрі аспан қара күңгірттеніп, ауыл маңы түнеріп тұр. Қою қараңғылықтан қатар тігілген киіз үйлердің елесі ғана көзге шалынады.

— Мына иттер шулап кетті ғой, қалқам Қасым!.. Айт, Айт!

— Айт, айт! Айтай-й-тт!.. Апа, апа! Көкдауыл тау жаққа қарай үріп барады. Әне, әне! — деп, Қасым тауға қарай жүгірді.

— Қайда кеттің, босқа жүгірме, Қасым!

— А, а! Апа, қасқыр,.. қасқыр! Айт, айт!..

— Баламысың-әй, түнде сен түгіл үлкен кісі де қасқыр кумайды, — деді Асыл айғайлап.

Қасым шешесін тыңдамай, қараңғылыққа кіріп жоқ болып кетті. Мұның алдында тау жаққа бір топ ит жосыла үріп жөнелген. Қалған бір-екі ит қой шетінен онша ұзамай, құрдалаға үріп тұр.

— Шайт-шайт, шайт, — деп, Асыл қой шетіне келді.

Қойлар біріне-бірі тығылып, иріліп қалған екен. Қайсы бір қойлар дірілдеген, ытқып тұр.

— О, не болды? Әлгі пәле келген ғой. Мал аман ба? — деді шеткі үйден шығып келе жатқан қойшы қарт Тойшыбек.

— Аман, мынаның балалығын қараңызшы, тектен-тек, жүгіріп, бұл қасқырды ұстап алмақ па?

— Қасым ба? Соныкі дұрыс, ол: «қасқыр, сен бері кел, же мына қойынды» деп, отырсын ба! — деді Тойшыкең қырынып.

Ауылдың іргесіндегі жыра ішінен Қасымның айғай салған даусы шықты. Иттердің қасқырмен жұлқысып жүргендей, арс етін, шабалана үрген үні естіледі. Көп шудың ішінен Қөкдауылдың да ауық-ауық арс еткені түнді күңіреңтіп шығады.

— Қөкдауыл арс етті, эне!

— Қасым! Қасым! Қа-сы-сым! — деп, Асыл қойдың шетіне шығып айғайлай бастады.

Осы кезде қотан шетінен үш-төрт ит жарыса үріп қоя берді. Бұл бекер үріс еді. Сол жерде бір аз ит жосылған бойымен қотанның шетіне келді. Ақ қаншық күйрегі бұландатып кеп, Асылды искедей бастады.

— Кет, бар орныца! — деп, Асыл ақ қаншыққа тап берді.

— Мыналардың ішінде Қөкдауыл жоқ па?

— Қөкдауыл құрысын, Қасымды айтбайсыз ба! Қасқыр жазым қылып кеткен ғой!..

— Пәле, сондай жігітке қасқыр маңайлап көрсін!.. — деп, Тойшыкең мырс күлді.

— Енді ол қайда кетті?

— Еш қайда кеткен жоқ, қазір келеді, — деді Тойшыкең.

Аздан кейін мойнын төмен сала, жортып Қөкдауыл келді. Келген бетінде, ештеңеге алаңдамай, қой шетіндегі төмпешікке барды да, тау жаққа қарап, құлағын тікпесте, шөке түсіп жатты.

— Ата, сіз малды қарай тұрыңыз, Қа-сы-сым! — деп, Асыл айғай сала, Қасым кеткен жаққа беттеп, аяғын тез баса жүрді.

— А,-а-у! — деген Қасымның дыбысы естілді.

— Әй, Асыл-ай, қазір келеді десем де болмайды. Шайт-шай, шай-шайт! — деді Тойшыкең қотанды айнала жүріп.

— Қасым!

— А-ау!..

Асылдың даусы бір әнге ұқсайды. Қасымның даусы ақырын шығады. Бірақ оның даусында да сызылып шығатын бір әннің сарыны бар.

Бұлардың дыбыстары шыққан жаққа қарап, екі кішкене қара ит кезек-кезек шаңқылдап үреді. Қөкдауыл үнсіз жатыр.

— Кет, жаман иттің әдеті, босқа үріп тұр, кет! — деп, Тойшыкең екі кішкене қара итті қой шетінен қуып тастады.

Осы шамада ақырындап-ақырындап, бар дыбыс өшті. Жаңа тау да, ой да шулап кеткен еді. Енді бәрі де түк естімеген, түк көрмеген тәрізденіп, жым-жырт бола қалды.

Тойшыбек қарт енді тыныштыққа құлақ салып, аз тұрды.

Асылдың санқылдаған даусын, Қасымның оған қайтарған жауабын естіп, Тойшыкең:

— Бәрекелді, мына екеуінің керісуін қараңдар! — деді.

Асыл Қасымды қолынан ұстап алыпты. Қасым ақсаңдай басып келеді екен. Тойшыкең Қасымды анадайдап анық көрді.

— Ал, қасқырың қайда соққан? — деп, Тойшыкең Қасым мен Асылдың алдынан көлденеңдеп кеп тоқтады.

— Тастап кеттім, таңертең қос өгіз жегіп, бричка жіберіңіздер, — деді Қасым қалжыңқойлап.

Қоңыр қараңғылық ішінен қартқа Қасымның қатар тізілген ақ тістері көрінгендей болды. Қарт көзінің алдына сол арада Қасымның ұзынша бойы да, дөңгелек беті де, жылы ақ жүзі де елестеп келді.

— Ананы қара, балам-ау, өзінді өгізбен әкелмегенге тәубе етпейсің бе?..

Шу көтерген ауылды төңіректеген көп қасқыр еді. Қөкдауыл барып жеткенде, олар қаша қоймаған болу керек. Сірә, Қөкдауылдың өзінен дәме қылулары да ғажай емес. Қасқырлар тек бер жағынан Қасым айғайлап барған соң ғана сырғып кеткенге ұқсайды. Ал,



Қасым қуам деп жүріп, осы іргедегі жарға жығылып, бір аз отырып қалған.

— Енді жаным-ау, байқамаймысың, қалай жығылды? Аяғың сынғаннан аман ба?

— Сүрініп жығылдым, аман.

Дегенмен ақырғы түн сәтті өтті. Қасым күзетке шыққалы мал шығыннан аман. Енді әкесі де, шешесі де, қойшы қарт Тойшыкең де оған кінә тақпаса керек. Олар ұйқы көрмей, зыр қағып малға қарағанды жақсы көретін. Ал, шешесіне қосарланып қой күзететінін ешкім елемегенмен, баланың ынтасы жақсы еді...

* * *

Күн түске айналып қалған. Қасым әлі тұрған жоқ. Ұйқысы қанса да, тұрмай жатыр. Аяғы ауырсынады. Тобығы, аяғының үсті ісіп кеткен.

— Қасым неғып жатыр? — деді әкесі үйге кірген бетте.

Әкесі қой фермасының бастығы еді. Ол кеше ауданға жыйлысқа барып, содан оралған.

— Түнде қасқыр қуам деп, аяғын тасқа соғып алыпты, — деді Асыл жайдағы сабырлы даусымен.

— Не дейді, неткен қасқыр? — деп, әкесі Қасымның жанына барды.

Қасым орнынан ұша тұрып, киіне бастады.

— Немене, қойға қасқыр шапты ма, аман ба? — деді әкесі Асылға қарап.

— Мал аман, ауыл маңына келген қасқыр болса керек.

Қасым үнсіз киініп жатты. Әкесі Қасымның бас-аяғына бір қарап өтті де:

— Ай, тынымсыз баласың! Демалысқа келдім деп, бір күн дем алмадың, — деді.

— Дем алдым, — деді Қасым.

Әкесі Асылға:

— Ал, немене, Қасымның киім-кешегі, азық-түлігі дайын ба? Бүгін оқуға жүру керек қой, — деді.

Қасым ақырын ғана жымылды. Әңгіменің осылай өзгергені оған тінті жақсы болды. Өйткені аяғы қызарып ісіп тұрған. Ал оған орталыққа, мектепке, оқуға, жолдастарына қалай да болса жету керек еді.



С. Маршак

Сентябрьдің бірі

Сентябрьдің
Бірі!
Сентябрьдің
Бірі!
Сентябрьдің
Бірі!
Қалендардың
Даңқты күні, —
Неге десең, дәл бүгін
Әр қалада,
Деревняда
Барлық қыздар
Барлық ұлдар.
Қолына алып,
Тамақтарын,
Сумкаларын,
Қітаптарын,
Бірінші рет бәрі асыға
Беттеді олар класына.
Болды осылай Барнаулда,
Торжокта да, әр ауылда.
Ленинград,
Сталинград,

Тулада да,
Дон жақта,
Ока өзені жағасында,
Станица
Қышлақта.
Иілген
Қойнау жасап
Доға сынды,
Осылай болды
Теңіз жағасында.
Балалар
Грузинше
Сөйлесетін,
Танертеңгі
Асына
Жүзім жейтін
Жерлерде,
Арасында,
Алтай тауы
Болды осылай
Валдайда,
Көл жағасында.
Болды осылай

Теректің саясында
Мектебі бар,
Кең дала аясында,
Толқып аққан
Днепр жағасында.
Толды кім
Дәл бүгін
Сегіз жасқа,
Түскі асқа
Дейін олар
Болмайды үйде.
Неге десең дәл бүгін
Әр қалада,
Деревняда
Барлық қыздар,
Барлық ұлдар
Қолына алып
Тамақтарын,
Сумкаларын,
Қітаптарын
Бірінші рет бәрі асыға
Беттеді олар класына!

Аударған Ә. Ахметов.

Л. Н. ТОЛСТОЙ ☆



1953 жылғы 9-сентябрьде ұлы орыс жазушысы Лев Николаевич Толстойдың туғанына 125 жыл толды.

Көсемдеріміз В. Ленин мен И. Сталин Л. Толстой шығармаларын жоғары бағалады.

Балалар, ертең ержете келе сендер Л. Толстойдың «Балалық шақ», «Жасөспірім», «Жастық шақ», «Соғыс және бейбітшілік», «Анна Каренина» және тағы басқа өлмес шығармаларын оқыйтын боласыңдар.

Толстой балаларға арнап та сүйсіне шығармалар жазды. Оның талай әңгімелері мен мысалдарын сендер оқулықтардан да оқыдыңдар. Бұл шығармалар өте ықшам, мейлінше көркем, тартымды, бір оқысаң ұмытпайтындай қызық.

Осы бетте біз Толстойдың бұрын аударылмаған бірнеше әңгімесін беріп отырмыз.

Қысқа әңгімелерінен

Аузында тістеген сүйегі бар Жучка келе жатты. Суға түскен өзінің көлеңкесін көрді. Оны Жучка көлеңке емес, өзі сыяқты сүйек тістеген ит екен деп ойлады. Жучка ана сүйекті алмақшы болып, өз сүйегін тастап жіберді. Ана сүйекті де ала алмады, өзінің аузындағысынан да айырлып қалды.

* * *

Бір үйдің жоғарғысында бай мырза, ал төмендегісінде кедей тігінші тұрған екен. Тігінші жұмыс істеп отырып өлең айтады да, мырзаға ұйқы бермейді. Сонсоң мырза, өлең айтуыңды қой, — деп тігіншіге бір қап ақша беріпті. Тігінші ақшаны алып байыды, қолындағы ақшасын бағумен болып, өлең айтуды қойып кетеді. Қоңілі жабыққан соң ол ақшаны мырзаға қайта әкеліп: «Мына ақшанды өзің ал, менің өлең айтуыма тыйым сала көрме. Жабығып өлер болдым», — депті.

* * *

Қойды қасқыр жеп қойды. Мұжықтар қасқырды ұстап алып, соққының астына алды. Қасқыр: «Сендер мені не үшін, сұрлығым үшін қынайсындар ма» — дейді. Мұжықтар: «Сұрлығың үшін емес, ұрлығың үшін соғамыз» — депті.

* * *

Шал алма ағашын отырғызды. Жұрт оған: «Алма ағашы саған не керек? Бұдан жеміс алғанша бір талай заман бар, сен бұдан алма тата алмайсың» десті. «Мен татпасам, басқалар татар да, алғыс айтар», — деді шал.

* * *

Қасқыр биік жартастың басында жайылып жүрген ешкіні көреді, бірақ оған жете алмай діңкесі құрылды. Сөйтеді де ешкіге айтады: «Төменге түссенші, бұл жер тегістеу, саған нәрлі шөп те көп».

Ал, ешкі оған: «Қасқыр, сен менің камымды ойлап шақырып тұрған жоқсың, ойлағаның өз құлқының», — деді.

Аударған **Ә. Малғажин**

Мұжық шөп шабайын деп келіп, ұйқыға кетті, бұл кезде Бақыт дүниені кезіп жүр еді. Бақыт мұжықтың қасына келді де: «Жұмыс істеудің орнына мұның ұйықтап жатқаны мынау, ертең ауа райы бұзылса, пішенін де жыйнай алмай қалады, артынан мені — бақытты кінәлайды. Бақытым жоқ дейді», — деді.

* * *

Екі мұжық: бірі қалаға қарай, бірі қаладан келе жатыр еді, бұлардың шанасы түйісіп қалды. Біреуі: «Жол бер, менің қалаға тез жетуім керек!» деп айғайлады. Ал, енді бірі: «Сен өзің жол бер, менің үйге тез жетуім керек!» деп айғайлады. Олар ұзақ айғайласты. Бұлардың дауын көрген үшінші мұжық: «Асығып тұрғаның қайсың, сол шегінсін де, жол берсін», — деді.

* * *

Екі мұжық аң аулауға аттанды. Біреуі сайдың ішіне түсті де, жолдасына айғай салды: «Мұнда кел, мен аю ұстап алдым!» «Мұнда сүйреп әкел!» «Әлім келмейді!» «Онда өзің кел!» «Жібермей тұр, жеп қойғысы келеді».

Аударған **М. Әлімбаев.**

ДОСТАРДЫҢ ХАТ ЖАЗЫСУЫ

Июнь айының бір күндерінде Шымкент қаласының Лермонтов атындағы № 17 мектептің оқушылары сонау алыстағы Чехословакияның Жаңа Ичин қаласынан келген хатты талқылауға жыйналысты.

Олар Чехословакияның азат ұландарының достық үнін қуана, қызыға тыңдады.

«Совет еліндегі қымбатты достар! Біз сендердің Қызыл Крест қоғамының жұмысын жақсы жүргізетіндерінді газеттен оқып білдік. Бұл қоғамның жұмысын біздің де жақсы атқарғымыз келеді. Сендерден үлгі-өнеге алмақпыз. Мектебіміздің әр класында санитарлық пост бар. Олар кластар мен балалардың тазалығын бақылап отырады.

Біз де сендер сыяқты өз Отанымыздың жарқын болашағы үшін жаңа өмір құрушылар қатарында табанды күрескер болғымыз келеді. Чехословакия жастары өз Отанын сүйеді, және бақытты, көңілді тұрмыс құрып жатыр.

Біз сендермен бірге, жер жүзінің барлық балалары еркін жақсы өмір сүруі үшін, бейбітшілікті сақтау жолында күресеміз.

Біз соғысты қаламаймыз және оны болдырмаймыз!

Сендердің хаттарыңды асыға күтеміз. Қаланың барлық балаларының атынан сәлем жазған Таян Гуголкова».

Бұл хат оқылғаннан кейін Лермонтов атындағы мектептің оқушылары Совет Одағы мен Чехословакия балалары достығына арнап кеш өткізді. Осы кеште Чехословакия балаларына жазылған жауап хат оқылды.

Ол хатта былай делінген:

«Қымбатты жас достар! Біз Шымкент қаласының Лермонтов атындағы № 17 мектебінің оқушылары — Қызыл Крест қоғамының мүшелері сендердің хаттарыңды алдық. Хаттарыңнан біздің Қызыл Крест қоғамындағы жұмыс тәжірибемізді пайдаланғыларың келетінін білдік. Біз өз тәжірибеміздің жайын сіздерге айтып беруге әрқашан да әзірміз.

Үшінші кластан бастап мектебіміздің бар оқушысы Қызыл Крест қоғамына мүше. Бізде әр класта, төрт адамнан құралған, санитарлық пост бар. Кластардағы санитарлық постының жұмысын жалпы мектептік санитар дружинасы бақылайды. Қызыл Крест мүшелері мектеп жанындағы участокке жеміс ағаштары ор-

натты, не түрлі гүлдер егіп тұрды. Мектеп үйі жасыл жапыраққа бөленіп тұр. Мектеп тазалығы мүлтіксіз болғандықтан Қызыл Крестің облыстық советі бізге ауыспалы қызыл ту берді. Сол ту үш жылдап бері біздің қолымызда.

Быйылғы оқу жылы аяқталды. Бәріміз де жақсы, өте жақсы оқығмыз.

Тамаша жаз күндері келе жатыр. Көпшілігіміз пионер лагерлері мен туристік жорыққа барамыз. Біздің туысқан Коммунистік партиямыз бен совет үкіметі, бізге, — балалардың бұдан да жақсы оқып, жақсы тынығуына, шат өмір сүруіне жағдайлар жасаған.

Еліміздің барлық халқы, жер шарының барлық адал ниетті жандары сыяқты, біз де өзіміздің үздік оқуымызбен бейбітшілік ісіне үлес қосамыз. Біздің оқу жолындағы сәби еңбегіміз соғыс өртің тұтандырушылардың жолын бөгесін!

Жалынды сәлем жолдаған күн сәулелі Қазақстанның жеткіншектері:

Сталйна Орлик
Лида Маркова
Юрий Малышев».

Бұлар әлі де хат алысып тұрады. Совет Одағы балалары мен халықтық демократия елдерінің балалары арасындағы достық күннен-күнге нығая береді.

М. Иноземцев.



Сабақтың бірінші күні.
Солдан оңға қарай: Ибраев Ақан, Сахненко Борис,
Нұрқақов Нұрахмет (Алматының 33 мектебінің бірінші
классы).

Председательдің әңгімесі

Ұшы-кыйырсыз жазық, кең даланың таза ауасы мен түрлі-түсті гүлдердің қош иісі бойды еркін сергіте түседі. Шабындықтың көк толқынды теңізінде «У—2» кемесі байыппен жүзеді. Алып трактор сонына кең алымды машиналарды тіркеп алып толқыған көк майсаның ортасында жазықты жаңғырта, шаттық күйін шертеді. Баяу ескен қоңыр желге еркелей тербелген шалғынды өткір шалғы тізе бүктіріп өрши түседі. Трактор алға басқан сайын шабындықтың танабы тарылып аумары қысыла түседі.

Міне, шалқыған колхоз дәулетінің осы думанына еліккен Ермек серіктерімен жұмысты жеделдетіп барады. Қызу жұмыс, шыжыған күн бәрі де бәсеке. Агрегаттағылардың ең кішісі Ермек. Басқалары ересектер. Міне, кішкене Ермек те қажыйтын емес. Оның самайынан шып-шып шыққан ыстық тер жылжый ағып, иегінің астына келеді де, омырауына секіріп түседі. Тер шып-шып шыққан сайын қалың шөп жапырыла құлайды. Бұлардың шапқан шөбін тырмашылар әрең жыйып үлгіреді.

Осы бетпен алқына тартқан агрегаттың қарсы алдынан, ойда жоқ жерде, колхоз председателі шыға келді. Ол соңғы айналымда агрегатты сонынан бақылап жүрген де отырған. Оны машинистер байқамаған еді.

— Тез жүргендерін жақсы. Бірақ екі жерде жал қалды. Шапшандық істің сапасынан жаңылтпасқа керек, — деп Омекең енді тырмашыларға қарай беттеді.

Машинистер біріне-бірі қарап қызарысты да, мінін іштей ұқты.

Машинистер осылайша колхоз председателін түсініп жұмыстарын істей берді.

Омекеңнің мінезін осында жүрген үлкен-кішінің бәрі ұнататын. Ол аз сөйлеп, жұмысты көп істегенді сүйетін.

Тырмада жүргендердің бәрі де оқушылар еді. Колхоз председателінің осылай қарай келе жатқанын көрген олар, өздерінің жүріп өткен жерлеріне тағы да бір көз тастады. Колхоз жұмысына әлі де көндігіп, төселе қоймаса да, олар өздеріне жүктелген істі барынша тыямақты істеуге тырысатын. Колхоз председателі не бригадирі жұмысынан кемшілік тауып, олақ екенсіңдер демесе де, жұмыстарынан мін таптырмауға тырыса қыймылдайтын.

Омекең тырмашылармен күле амандасты да, аңыздың бір жақ шетінде шөмеле үйіп жатқандарға асып кетті.

Кемшілік тапса айтар еді, жоқ екен деген оймен балалар алаң болмай, жұмыстарын істей берді. Бұл кезде Омекең бір шөмеледе сүйнеулі тұрған қол тырнаушымен жыйналмай қалып кеткен бірнеше құшақ шөпті жыйып, үйіп қойды.

Тырмашылар аңыздың арғы бетінен қайтып оралғанда, бұл үлкен үйінді шөптің жанында тырнаушыға сүйеніп тұрған Омекеңді көрді. Балалар өздерінің бұл кемшілігіне қатты ұялып, қызарды. Бұдан кейін олардың бәрі жұмысты бұрынғыдан да сапалы істеуге тырысты. Колхоз председателі бұдан кейін де олардың арасына жиі келіп жүрді. Ол кейде бұлармен бірге жүріп жұмыс істейді, өзінің аралық ақылын айтады.

Осындай әдеттегі жұмыс күндерінің бірі. Түскі демалыс. Қос жанында оқушылар колхоз председателін қоршай отырған.

Председательге әбден үйреніп етене болған балалар отырысымен оған іркілмей-ақ сұрақты жаудыра бастады.

— Омар аға, біздің колхозда егін көп пе, мал көп пе? — деген кішкене Еленаның сұрағына ересек балалар күліп жіберді.

Бұған Елена ұялып та қалды.

Оны байқаған колхоз председателі:

— Дұрыс, дұрыс Еленаның колхозда қай шаруашылықтың басым екенін білгісі келіп тұр ғой, — деді.

Мұны аға пионер вожатыңы да қостаған соң балалардың бәрі де тым-тырыс болды.

Енді олар Омекеңнің аузына қарап қалыпты.

Атжақты, жылы шырайлы Омар ойшыл көздерімен барлай қарап, тамағын кеней әңгімеге кірісті.

— Сендер білмейсіңдер ғой. Біз осы колхозбен бірге жасасып келеміз. Осы өздерін туып өскен колхозда бұрын оншақты-ақ үйлер болатын. Орталықта мал да, көлік те аз еді. Жүз гектардай жерге ғана егін егілетін.

Енді міне өз көздерімен көріп отырсыңдар. Егін былтыр 2800 гектар жерге егілсе, быйыл 3300 гектар жерге егілді. Анау жайқалып тұрған кең алқап сол егіннің бір участогі ғана. Біздің егістік жеріміздің көлемі жыл сайын арта береді. Үстіміздегі бесжылдықтың аяғында оны төрт мың гектарға жеткіземіз, — деп Омекең бір көтеріліп қойды.

Оған жас достар да серпіліп қалысты.

— Мал да көбейе бере ме? — деген Парштеннің сұрағына, Омар бөгелместен: — әрине, — деп сөзін жалғастырды.

— Егін орағы басталса да, шөп шабуды тоқтатқанмыз жоқ. Неге олай,— деп ойлайсындар. Өйткені, колхозымызда жылдан-жылға мал көбейіп келеді. Мал көбейген сайын оған азықты да мол дайындау керек. Міне, сендер сол үшін көмектесіп жүрген жоқсындар ма?..

Омекең өзінің алдында жүгіне отырған Парштенге бір қарады да, тағы да сәл ойла-нып қалды.

Балалар «енді не айтар екен» дегендей, оның көзінен көз алмай қадала қалыпты.

— Әлі есімде, Ұлы Отан соғысы басталған жылы біз майданға аттанғанда мынау Қайретдинов Парштен бесікте қалған бала еді. Қазір көлік машинасымен шөп шауып колхозға көмектесіп жүр. Ал, Ермек болса кең алымды машинаның өзін де меңгерді.

Ол кезде сендердің бәрің де тіпті кішкентай едіңдер. Енді колхозға көмек беруге жаралындар. Көмектерің колхозға пайда болса, шаруашылықтың әр саласына еңбек сіңіріп онан үйренгендерің өздеріңе пайда. Сендер бүгін селолық жетіжылдық мектепте оқушы болсаңдар, ертең онжылдықта оқыйсындар. Онан соң бірін агроном, бірін зоотехник, бірін

инженер болу үшін институтқа түсесіндер. Оларды бітірген соң, әрине, осы өздерің туып өскен колхоздарыңа қызмет істеуге келесіндер,— дегенде, балалардың көздерінен қуаныш ұшқыны көрінді.

Орта мектеп. Институт. Олардың арманы. Омекеңнің мына сөзінен кейін бұл арман ертен-ак, сөзсіз орындалатын сыяқты көрінді.

— Ол кезде шаруашылықтың бәрі механикаландырылады, солай емес пе? — деді тағы да Парштен.

— Әрине, қазірдің өзінде колхоздарда көп шаруашылық салалары механизацияланған. Мал электр қуатымен суарылады, электр қуатымен сауылады. Ал, сендер маман боп шыққан кезде колхоз шаруашылығының барлық саласы механизм күшін пайдаланады.

Балалар, председателдің әңгімесін ұйып тындап көп нәрселерге қанықты. Өздерінің бұдан да шат ертейін көз алдына келтірді. Олар әңгіме аяқталғаннан кейін жапатармағай жігерлене жұмысқа қайта кірісті.

Р. Ыдырысов,

Солтүстік Қазақстан облысы,
Совет ауданы, Ленин атындағы
колхоз.



Алматының ауыр машина жасау зауытындағы балалар яслиі.





Жанжал кока-колдың сорақылығын көрсетіп плакат тұрған барактың арғы бұрышында басталды. Ол әдеттегідей дөрекі боктаудан басталды да, ар жағы айғай-шуға ұласып кетті. Тақтайдың тарсылы естілісімен құмыра мен қалайы тарелка еденге ұшып түсті. Терезенің әйнегі быт-шыт болып кетті. Осы у-шудың ішінен жас баланың шырылдаған даусы естілді. Екі қатар орнатылған сәкі де қозғалып барып қалды. Осы кезде барактың арғы шетінен әлдекім төбелесіп жатқан топқа қарай бір ағаш қазықты лақтырып кеп жіберіп еді, бір әйел аузы-мұрнынан қан кетіп құлап түсті. Сол-ақ екен, барактың қарсы бұрышы мен қабырғасынан да шу көтеріліп кетті, енді қым-қыйғаш шаштары будырап, түрі бұзылып кеткен әйелдер долданып жұлкыласа жөнелді. Еркектер де қатты ашуланып, сәкіден түсті де, жалпы төбелестің ішіне кіріп кетті.

Марта Конрад балаларын алып, басқа әйелдермен бірге асфальтті аулаға жүгіріп шықты. Оның балаларының қорқып жылағанының өзі аянышты-ақ. Боп-боз боп өңі қашқан балаларының түсін көрген шешесінің түк дәрмені қалмады, ол ауланың ортасында жатқан ескі-ұсқының үстіне құлай кетіп, қатты солқылдап жылады. Соңғы күндердегі бұл қасірет оның есін шығарып жіберген еді, екі қолымен бетін басып алды да, ол өзін осындай тозаққа салған тағдырды қарғап дауыстап жылай берді. Тыныштыққа бөленген Лейпцигтегі үйі, күйеуінің уайымшылдығынан төзуге болмайтындай көрінетін ұсақ кикілжіндер басқа бір көрініс-

Петер Випп
Неміс жазушысы

ТҮЗУ ЖОЛ

Әңгіме

пен оның көз алдынан тізбектеліп өтіп жатты. Ол жан ұшыра балаларын бауырына басады. Тағдыр. Әй, тағдырымыз не болар екен онда! Оның әлі құрып, саидырақтап, көзі бұлдырап кетті. Қазірдің өзінде-ақ балаларының көзі оны айыптап тұрғандай...

Қолдарында резинка шоқпарлары бар полицейскилер барак маңына келген кезде төбелес аздап бәсеңдей бастады. Бір әйелді зембілге салып алып кетті. Қалғандарын барактан қуып шықты. Штумма полицейлері ыржалақтап күледі. Олар бұған ешқандай қайғырған жоқ. Мұндай шым-шытырық—босқындар лагері деп аталатын осы бір жолынан тайғандардың жыйналған жерінде, осы бір ала-құла бас қосқан бақытсыздар мен ұшқалақтардың тобырында күнделікті әдетке айналған іс еді.

Аулада қолында суға толы қалайы кружкасы бар жүдеу бір әйел өтіп бара жатты да, ескі-ұсқы үйіндінің маңына барып тоқтай қалды.

«Міне олар әпербақандығын тағы да жаман жүргізген жоқ, — деді ол ишыныш. — Адам — адамға қасқыр... Күн сайын осы. Я, ештеме істей де алмайсың бұған... Біздің өміріміз енді осындай.»

Адам — адамға қасқыр...

Марта Конрад көз жасын сүртті. Ол ұзақ бір ұйқыдан тұрған адамша басын әрен көтерді. Жүрегі аттай тулаған ол жас баланың қалтыраған нәзік қолының жылылығын сезінгендей болды, оның ойына күйеуі түсіп кетті. Оны осы бір белгісіз жаққа қашып кетуге итермелеген сол еді ғой! Енді оның өзінің де Батыс Германияға барып жұмыс іздегісі келеді. Егер ол әбден торыққаннан кейін біздің осы халімізді білсе осыдан кейін Мартаның ойына тұңғыш рет ол да түзу жол табады деген сезім келе қалды. Сөйтті де «Кеттік, — деді ол. — Кеттік тез».

Ана еш жаққа бұрылмастан тез жүріп кетті. Балалары қыңқылдады, бірақ қанша кішкентай болса да, бұл жерден тезірек кетудің қажеттігін түсінді олар. Марта Конрад ұзап шыққаннан кейін ғана жол үстіне күн шұғыласы төгіліп тұрғанын, жас жапырақтар сылдырынан майда желдің лебі ескенін байқады. Бұдан кейін оның тынысы кени бастады...

«Жете алам ба мен соған, баска секторға?» — деп сұрады ол автобус тоқтайтын жерде.

Таяу тұрған бір топ адам оған қарай бұрылды. «Сіз нағыз түзу жолда тұрсыз, — деп жауап берді оған дембелше қырма сақал адам.

— Егер бізбен бірге барғыңыз келсе — отырыңыз». Ол әйелдің балаларымен машинаға отыруына көмектесті. Марта әуелде ұялып қысылды да, артынан өзінің қайдан келе жатқанын толық айтып берді. Әйелдер қоршап алды оны. Балалар машинадағы адамдардың тізесінің үстінде ойнап, бутерброд жеді, бірден мәз-мәйрам боп кетті.

— Енді сіз халықтық полицияға барып, өзіңіздің қайтып келгендігіңіз жөнінде хабарлайсыз, ал ертең Лейпцигке барып қонатын боласыз, — деді дембелше адам.

Марта басын изеді де, көзіне жас алды. Ол қуанғанынан үндей алмай қалды. Мейлі енді не болса о болсын, әйтеуір лагерьден құтылдық қой! «Бірақ Сіз Сталин аллеясын бізден бұрын көретін болдыңыз.» Ол бұған да басын изеді. Қалған ел өзара дабырласып күліп, жана үйді бірі мақтап, бірі сынап жатты. Жұрттың көңілі көтерілді, қуанышты, масаттанған, ал Марта Конрад тек жылай береді.

Оның алты жасар қызы әр нәрсеге құмарта қарап, шешесін алға тартты: «Маматай, қарашы, мыңа үйлерде жақсы адамдар тұрады ғой!» Шамасы, осы үлкен үйлерде қайрымды үлкен адамдардың, көңілді балалардың тұратыны байқалады. Олар терезеден қарап, бұларға қол бұлғады.

«Маматай, біз қайда барамыз? Үйге барайық!»

Марта Конрад теріс бұрылып кетті, ол көз жасын көрсеткісі келмеді. «Біз енді үйге келдік, балам» деді ол өкінішті бәсең дауыспен.

Комсомол мүшесімін

Тарихың, ерлік ісің, өткен жолың
Жасымнан қызықтырған, комсомолым!
Пионер қатарында арман еттім
Болсам деп бір мүшесі мен де соның.

Арманым көптен бергі орындалып,
Тасқындап жас жүрегім шын қуанып,
Комсомол мүшесімін мен де енді —
Отырмын өміріме жолдама алып.

Париза Оңғарсынов,
Гурьев облысы.

Илья Эренбург



Осы жылы, 27-январь-да атакты совет жазушысы, бейбітшілік жолындағы жаянды күрескер Илья Эренбургке «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» Халықаралық Сталиндік сыйлық тапсырылды.

«Бейбітшілікті біздің халқымыздан жоғары бағалайтын халық дүние жүзінде жоқ. Ол соғыстың барлық қайғы-қасіретін басынан өткізді, ол адамдардың бостандығы үшін қан төкті, менің үшін қазіргідей қуанышты минутта, мен қаза тапқан жолдастарды және достарды ой-

лаймын, туған елім және барлық адал ниетті адамдардың бейбіт өмір сүру правосын, адамгершілік қасиетін қорғау жолында қаза тапқандарды ойлаймын... Мен өзімнің есімімнің қазіргі біздің достарымыздың, менің достарымның: Фредерик Жолио-Кюридің, Пьетро Неннидің, Поль Робсонның, Ив Фарждың, Жоржи Амадудың, ерекше қиын жағдайда өздерінің елдерінің бақытын және халықтардың туысқандығын қорғаушы басқа сондай ардақты күрескерлердің есімдерімен қатар тұрғанын мақтан етемін», — деді Илья Эренбург осы жолы сөйлеген сөзінде.

И. Эренбургтың есімі халықтардың соғыстан кейінгі уақыттағы бейбітшілік ісі үшін жүргізген күресімен тығыз байланысты. Тамаша публицист, талантты жазушы Илья Эренбург барлық елдерде бейбітшілік жолындағы күрескерлерді рухтандырып отырған идеяларды бүкіл дүние жүзінде кеңінен таратуға көмектесті. Оның шығармалары қазір жыйырмадан астам шет тілдерінде оқылады. Жазушының бейбітшілікті қорғау жолындағы жаянды сөздері, романдары мен публицистикалық мақалалары, дүниеге оқтай қадалатын сықақтары мен памфлеттері дүниежүзілік үстемдіктен дәме етуші американ империалистерінің сұрқыялық әрекеттерін әшкерелеуге арналған. Бұл еңбектерде жазушы бейбітшілік пен демократия идеяларын кең таратады.

И. Эренбург соңғы он жыл ішінде үш роман жазды. Бұл романдарында ол дүние жүзі тарихына қатысы бар әлеуметтік мәселелерді көтеріп, дүниежүзілік екінші империалистік соғыс дәуірі мен соғыстан кейінгі елдің бейбіт еңбек үшін жүргізіп жатқан күресін бейнелейді.

Польшадағы Артек

Щецинск бұғазында шағын жарты арал бар. Жасыл гүлдер ортасында қызыл шатырлы үйлер көрінген аралас ағашты ну орманын сәулесін айдынында жарқыратып жарты аралдың жағасын көкшіл су шайып жатады. Бұл — пионер қаласы Подгродзе. Оны республикада Польшадағы Артек деп жиі айтады.

Бір жылдан сәл бұрын бұл арада соғыс кезінде қыйрап қалған балықшылар поселогі тұратын. Поселокты қайтадан салып, онда халықтық Польшада тұңғыш рет үлгілі пионер қаласын ұйымдастыру ұйғарылды.

Қысқа мерзімде жетпіс тұрғын үй, театр, кинотеатр, кішкене темір жол, төрт үлкен асхана, клуб, жас техник үйі... қалпына келтіріліп, салынып бітті. Өткен жылдың 1-июнінде пионер қаласы балалардың бірінші кезегін қабылдауға әзір де болды.

—...Подгродзеге кірер жерде үлкен арка бар. Оның ар жағында қалың нудың арасында жылы, сәулетті үйлері бар түзу, кең көшелер көзді тартады. Ағаш арасынан көгілдір тартып теңіз көрінеді. Тулаған толқының тынымсыз шуы естіліп тұрады.

Мұндағының бәрі де нағыз қаладағыдай. Мұнда өз телефон станциясы, почтасы, телеграф, өз басқармасы — отряд советі, газет шығаратын өз баспаханасы бар. Осының бәрін пионерлердің өздері басқарады.

Кең екі көшенің түйіскен жерінде өз формасын киіп милиционер тұр. Оның не бары он бірде екеніне, жүзіндегі күлкісін әрең жасыратынына қарамай-ақ қой: ол көшедегі қыймылды тәртіпке келтіреді.

Ал, мынау — жас милиционердің достарының бірі. Ол телефон станциясында кезекші. Жұмыс көп-ақ. Бүгін қаланың төңірегіне жорық жасалмақ, алдағы экскурсияны авенюларға хабарлап, дружина советінен кезекшілер дамылсыз телефон соғады.

Қалада көптеген әртүрлі үйірмелер жұмыс істейді. Жас техник үйінің мастерскойларының бірінде балалар самолеттің, яхтаның, турбинаның модельдерін жасайды, радиоқабылдағыш құрастырады. Би бөлмесінде олар халық билерін үйренеді. Биологиялық үйірменің мүшелері хайуанаттар өмірін зерттейді, өсімдіктер коллекциясын жыйнайды. Стадионда «Еңбекке және Отан қорғауға дайын бол» значогына норма тапсыру ұйымдастырылған.

... Подгродзенің бас вокзалында адамдар поезға мініп жатыр. Кассадағы билет түгел сатылып біткен еді, міне енді терезеден көңілді кассир қыздың жайнаған жүзі көрінеді. Поезд орманды қажарып өтіп, бұғаздың жағасымен, қаланы айналып жүреді. Ол бір-ақ жерге тоқтайды, өйткені жолдың ұзындығы небары төрт-ақ километр. Темір жолда жұмыс істейтін кілең балалар.

Подгродзде «Думан қала» бар. Онда карусель, әткеншек, қыйсық айналар және тағы басқа аттракциондар көп. Кинотеатрда балалар фильмі көрсетіледі, олардың ішінде әсіресе совет кинолары қатты ұнайды. Театрда пионер көркемөнер үйірмелері өнерлерін жиі көрсетеді.

Арнаулы су жағасы думанды да, көңілді. Жағаға жақындағанда қайықтар көзге шалынады. Бұл — Подгродзенің «Теңіз сакшысы». Теңізшілер киімін киген күзетші қайық командалары жағадағы тәртіпке қатаң бақылау жасайды, балалар албырттық пен рұқсат етілмеген тереңде кетіп қалмауын бақылайды. Жас теңізшілер күзетте жүріп, қайық есу, басқару ісін меңгереді, нағыз теңізшілер өнерін үйренеді.

Өткен жылғы жазда Подгродзде Польша еңбекшілерінің екі мың баласы демалды. Қыста пионер қаласында денсаулығы нашар балаларға арналып мектептер мен демалыс үйлері ашылды. Быйылғы жазда Подгродзде тағы да екі мың пионер мен оқушы демалды.

Халықтық Польшада балалар үлкен қамқорлыққа бөленген. Әр күн сайын елдің түрлі қалаларынан курорты бар жерлерге арнаулы поездар ағылып жатады. Жүздеген мың поляк балалары жазда демалуға санаторийларға, демалыс үйлеріне және пионер лагерьлеріне барады.

Жылда бір ғана Сталиноградтың — Польша көмір бассейні орталығының — 105 мыңнан астам баласы пионер лагерьлерінде және санаторийларда болып қайтады. Селолық оқушылар үшін жазғы каникул кезінде ірі өнеркәсіп орталықтарына серуендер ұйымдастырылады. Жас экскурсияшылар өндіріс орындарының жұмысымен танысады, музейлерде, театрларда болады.

Быйылғы жазғы маусымда санаторийларда, пионер лагерьлерінде, жазғы алаңдарда халықтық Польша еңбекшілерінің жеті жүз мыңнан астам баласы демалды.




Польша Артегіне баратын поезд.

КИНОФИЛЬМДЕР ҚАЛАЙ ТҮСІРІЛЕДІ

Фильм түсірілместен бұрын жазушы оның сценарийін жазады. Мұнда кейіпкерлердің сөздері мен іс әрекеттері айқын беріледі. Әрине, онда оқығаның қай мезгілде болғаны, өрісінің қаншалықты дамығаны да көрсетіледі. Бірақ адамдардың киімдері мен олардың айналасындағы әрбір ұсақ-түйек нәрселер түгел суреттеле бермейді. Ал жазушының бұл «олқылығын» режиссерлер мен суретшілер толықтырады. Солардың басшылығымен инженерлер, ағаш ұсталары, бояушылар арнаулы үйдің ішінде үй бөлмелерін, кеме палубаларын, темір жол көпірлерін, кейде бүтін бір көшені немесе бүкіл қаланы да салады.

«Мұның бәрін үй ішіне қалай салуға болады?» деп сұраушылар болар.


Киноаппарат арнаулы әйнектерден құралады. Затты үлкейтіп те, кішірейтіп те жіберетін «сыйқыр» сол әйнек. Қуыршақ үй жақынан түсірсе экранда үлкен болып көрінеді. Егер осы үйдің қасында



Үлкен кемелердің орнына қолдан жасалған кемелердің макеттері.

Адмирал Ушаков жайлы фильмді, әрине, бәрің білесіңдер. Онда көптеген кемелер қатысқан теңіз соғысы болады. Осы «айқасты» түсіру үшін Одесса қаласының маңында қара шығанақ жасалған, ал онда жүзіп жүрген кемелер-макеттер ғана. Бассейннің жағасында пропеллерлі авиация моторы орнатылған. Теңіз бетіне содан жел соқтырғанда, желкемдер керіліп, жал-жал толқындар тұрады. Мұның бәрі экраннан соншама алып көріністер боп көрінеді.

Табиғатта болатын мұн күркіреу, найзағай, қатты нөсер, дауыл секілді құбылыстар киноға тап сол шындықтағы кейінде түсірілуі де шарт емес. Бұларды қолдан оп-опай жасауға болады. Әлгі авиация пропеллері арқылы солардың бәрі жасалады. Суретке түсіру үшін қар орнына бор, нафталин, тіпті ағаштың жай үгіндісі де жарай береді.



Кино аппаратының схемасы.


актер тұрса, ол барып тұрған дәу тәрізденеді. «Жаңа Гүлливер» кинофильмін түсіруде, көбінесе, осы тәсіл қолданылған.

Режиссердің алға қойған мақсатына байланысты оператор сьемканың (фильмді түсірудің) арнаулы түрін қолданады.

Мәселен, сендердің көз алдарыңнан мынадай көріністер өтеді. Вагон іші. Жолаушы терезеден сыртқа қарап отыр. Сыртта телеграф бағаналары, орманды дала, жарқыраған өзен, көлдер, осының бәрі сырғып кейін қалып жатыр. Міне, сол «Вагон» — сәл теңселетін кішкентай арнаулы арбаның үстінде, үй ішінде түсірілген. Ал вагонның сыртындағының бәрі, терезе алдына ілінген шымылдық арқылы, плёнқаға теріс жағынан көрсетіп түсіріледі. Міне, осылай түсірілгеннің бәрі сендердің көз алдарыңа шын өмірдегідей болып көрінеді.

Кинода мұндай «ғажаптар» толып жатыр.

Теңіздің тұңғыш түбінде балықтар арасында халық қиялының кейіпкері Садко көтіп бара жатады. Бірақ сендер осында актер мен оператор теңіз түбіне түскен екен деп ойлап қалмаңдар: Мұны түсіру үшін қажет болған су мен ондағы өсімдік-жәндіктер киноаппарат объективіне тақап қойылған кәдімгі шағын ғана бір аквариумның ішінде еді.



Вагон ішіндегі адамды түсіру жолы.

Ол былай: бұл құрылыстардың бәрі уақытша ғана керек.

Мысалы: темір жол көпірі картоннан жасалады, бөлмелердің екі ғана қабырғасы болады (оның өзі үйеңкі). Сондықтан бүкіл бір қала стол үстіне сыйып кетеді. Өйткені ондағы үйлер — қағаздан жасалған қуыршақ сыяқты.

Міне, осының бәрі экранда нағыз өмірдегіше көрінетіні неліктен?

Бұл арада кинооператордың еңбегі зор. Ол киноаппараттың жәрдемімен кішкентай заттарды өзіне керегінше үлкейтіп, ал үлкен нәрселерді керісінше кішірейтіп жібере алады.

Кейіпкерлердің жыртқыш аңдармен айқасуы фильмде жиі ұшырайды. Мәселен, «Цирк» кинофильмінде инженер Скамейкин байқаусызда арыстан тұрған клеткаға түсіп қалады. Қолында шөк гүлден басқа түгі жоқ ол қаһарлы арыстанды клеткадан қуып шығады.

Ал, осы киноға қалай түсіріледі? Мұнда клетка темір шарбақпен қақ бөлінген, оның біреуінде артист, екіншісінде арыстан бар. Артисті арыстаннан бөліп тұрған шарбақ қабырға түстөс сырмен боялып, көзді алдап, көрсетпей қойған. Көрушілер экраннан

клетканың шыбық қадаларын ғана көреді де, сол қадалардың тасасында шарбақ тұрғанын аңдамайды. Ал, инженер Скамейкин арыстанды қуып шығатын жерде клеткаға Скамейкин боп, арыстанды үйретуші кіреді. Көрушілер танып қоймасын деп ол аң үйретуші киноға тусыртынан түсірілген.


Плёнканы тез не баяу сырғыту арқылы да таңқаларлық көріністер жасауға болады. Мәселен, спортшы шаңғымен құлдылап ағызып кеп трамплиннен секірді. Әне әуеде қалықтап ұшып бара жатыр. Осы бір тамаша көріністі сендердің ұзағырақ көргілерің келеді. Оператор бұл тілектеріңді оп-оңай қанағаттандыра алады.

Баяулатып түсірудің де қажеті бар. Мәселен, ыдыстағы гүлді аппараттың дәл алдына қойып, әрбір бес минут сайын бір кадрдан түсіре отырып, гүлдің шешек жару процесін бастан-аяқ түгел көрсетуге болады. Лентаны экранда қалыпты жылдамдықпен сырғытқанда, сендердің көз алдарыңда әлгі гүл бір минут ішінде шешек жарып шыға келеді. Ал, шынында, мұны түсіруге бірнеше сағат уақыт жіберіледі.

Ендеше кино затты үлкейтіп немесе кішірейтіп қана қоймай, уақытты да қалауынша «ұзартып» та ала біледі.

Кино түсіру тәсілдері сан қыялы, толып жатыр. Оның бәрін шағын мақалаға сыйғызу мүмкін емес.

Сөйтіп фильмді түсіру жұмысы аяқталды дейік. Көптеген кадрлар түсірілген кинолента арнаулы кинофабрикада көбейтіліп, ұлан байтақ еліміздің түкпір-түкпіріне таратылады. Кинотеатрларда көрсетіле бастайды. Бірнеше мамандықтың жүздеген адамы ұзақ уақыт бойына қажырлылықпен





Вагонның сыртындағы заттарды терезеге ілінген шымылдық арқылы плёнкаға теріс жағынан түсіру жолы.

«Садко» кинокартинасындағы Садко батырдың жасағының бірі айлакер Скоморох сыйқырымен жұртты таңдандырады. Оның алақанында тауықтың жұмыртқасы жатыр. Ол жұмыртқаны үрлеп жіберіп еді, жұмыртқа көзді ашып-жұмғанша балапан болып кетті.

Бұл былай түсірілген. Әуелі кинооператор алақандағы жұмыртқаны түсірген де, сонан соң съемканы тоқтата қойып, жұмыртқаны тірі балапанмен алмастыра қойған. Бұдан кейін съемка тағы жүргізілген. Осының нәтижесінде экранда жұмыртқа лезде тірі балапанға айналып кеткен болып көрінеді.

«Каменный цветок» фильмінде көк кесіртке лезде мыс тауды билеуші қыз болып шыға келеді. Бұл былай түсірілген: кинооператор әуелі тас үстінде отырған кесірткені түсіріп, сонансоң сол плёнкаға мыс тауды билеуші қыздың ролін атқарушы артист Макарованы түсірген. Осының нәтижесінде бастапқы кесіртке бейнесі экранда біртіндеп сұлу қыз бейнесіне ұласады.

Ол ұшып бара жатқан спортшыны он метр плёнкаға түсірудің орнына, плёканы тез сырғытып, айтайық, жүз метрге түсіреді. Ал,



«Цирк» кинофильміндегі арыстан көрсетілетін картина осылай түсірілген.

енді осы жүз метрлік плёнканы экранда әншейіндегі қалыппен сырғытқанда, сол спортшының қыймылы он есе баяу көрсетіледі де, ұзаққа созылады.

еңбектенген фильм, міне, осылайша жарыққа шығады.

И. Саввин,

Қазақтың киностудиясы сценарий бөлімінің меңгерушісі.

Ол — Совет Одағының чемпионы

— Ой қызық-ай!
— Немене!
— Бокс! Бокс!

Виктор жалт қарады.

Ол жолдастарымен кинотеатрға келгенде, жас жеткіншектер мен үлкендер спорт залында бокстан жаттығу жасап жатыр еді.

Балалар спорт залына ақырын жылыстап кіре бастады. Ешкім де олардың бетін қаққан жоқ. Несі бар, бөбектер өнерді көрсін, сүйсінісін, еліктесін, үйренсін деп тұрғандай еді залдағылар.

Қолдарына дәу қолғап киіп, әккі қыймылдан, асулы тұрған тығыз қапшықты төмпештеп жүрген бір топ боксшы балаларды қызықтыра түсті. Олар ұзақ қарады. Бір күні боксшылардың жаттығуы кезінде күнде клубтан шықпайтын Викторды көзі шалған тренер Хайруддинов жанына шақырып алды.

— Немене, балалар, боксшы болғыларың келе ме?

Балалар шуылдап кетті. Боксқа құмартушы бірнеше бала өз тілектерін білдірді.

Жас ұландар өмірінде тұңғыш рет қолдарына бокс қолғабын киіп біріне-бірі қарап жымындады.

Виктордың бокстың бір талай қыймылына көзі қаңыл қалса керек, өзіне қарсы шыққан баланы бірден тықсыра бастады. Боксер Хайруддинов Викторға қоса 10 баланы іріктеп алды. Сол күннен бастап Викторлар жетісіне үш рет жаттығуға қатысты, бокс өнерінің сырын ұға бастап еді.

— Бұл — менің Балқаш қаласында төртінші класта оқып жүрген кезім болатын еді, — дейді Виктор күліп. Күлуінде мән бар сыяқты. Талай орашолақтығы, балалығы есіне түсетін болуы керек.

Өнерге кім бірден үйрене қояды. Алғашқы адым сүріншек болмай ма?! Виктор да бірден боксшы бола қойған жоқ. Тренерден талай сөздер естіген де күн болған. Арада жаттығумен бір жыл өтті. Бұл екі ортада ол талай жолдастарын боксқа тартты.

1949 жыл. Жаз.

Балқаш қаласының оқушы балаларының бокс жөнінен жарысы болды. ФЗО оқушысы, салмағы 28 килограмм, он төрт жасар Виктор алғаш рет жұрт көзінше рингке шықты. Мектебіміздің намысын Виктор жақсы қорғайды деп сенген жолдастары рингке қадала қарасады. Қарсы шыққан боксшының қолы тегеурінді екен, қатты тиді. Бұқсаң, жеңіске жетесің бе. Виктор ұстазының: «Қорғанудың ең жақсы түрі — өзіңнің шабуылға шығуың» дегенін есіне алды да, қыймылдап кетті. Екі боксшы шарт-шұрт. Бір кезде ашық, қорғаусыз қалған иек астынан бір соққы сарт етті. Бұл ұрған Виктор Қаримов болатын. Қарсы шыққан ана боксер құлап түсті. Бұл — оның бірінші шайқасы, бірінші жеңісі еді.

Содан бері Виктор Қаримов елу рет шайқасты, елу рет жеңіске ие болды.

Балқаш, Теміртау, Қарағанды, Алматы, Свердловск, Вильнюс, Ростов... Осы қалаларды ретімен атасаң Виктордың боксшылық өмірін көз алдына әкелесің.

1952 жыл. Жаз. Алматыда жас жеткіншектер жарысы өтті. Виктор үш рет шайқасқа бокс жөнінен республика чемпионы атаған алды. 1951 жылы да ол осындай жеңіске жеткен болатын.

Қазақстан жеткіншектері Вильнюс қаласына жасөспірімдердің бүкілодақтық жарысына келді. Шыныға, өсе, жетіле түскен В. Қаримов өнерінің артықшылығын көрсетті. Одақтың өзі теңдес төрт жас боксшысымен шайқасын, жеңіп шықты.

Бұл — Викторға даңқ әкелген сәтті сапар болды. Ол жасөспірімдер бойынша Совет Одағы чемпионы атағын алды. Жас жігітке бірінші дәрежелі диплом мен чемпионның кубогы тапсырылды.

— Сен қалай чемпион болдың деп сұраған балаға мен өкпелер едім. Спортты беріле сүй, үздіксіз жаттығу, жеңіске мастанбау, жеңілсең мойымау — мені осылар табысқа жеткізді. Жас ұлан, спортшы болғың келсе, сен де осылай істе дер едім мен, — дейді ол.

П. Редько.



Ғажап ыдыстар

Бұл қай мезгіл

Сәнді универмагтың айналы витринасында алуан түспен жарқырап неше түрлі ыдыстар тұр. Чай сервизінің жасыл кішкене көк чашкалары үлкен қызыл вазаның үстінде қызық боп көрінеді. Көкшіл тарелкалар мен жасыл, сары табалар қатарлап қаланған да биік бір пирамида сыяқтанады. Сол пирамиданың жанында шоколад түсті бүйірлі чайник тұр. Витринаның шет жағында парадтағы солдаттар сыяқты жіңішке ұзын аяқтары сыйдырып қатар-қатар вокалдар орналасқан.

Көкшіл чай сервизін көріп тұрып, бұл фарфордан жасалған ғой дейсің. Әшекейлі вокалды көріп, нағыз хрустальдан жасалған екен дейсің. Совет Одағының эмблемасы бар, шоколад түсті чайникті көрсен, бұл фаянс дейсің. Бірақ сенің бұл айтқандарыңның бірі де дұрыс болмайды.

Бұдан 25 жыл бұрын болса, сенің айтқаның әбден дұрыс болар еді. Ол кездерде шыныдан, фаянстан, фарфордан басқа ыдыс жасайтын өзге материал болмады.

Қазір химиктер жаңа материал жасап шығарды. Ол материалды техникада амниопласт деп атайды. Бұл — металл, фарфор, шыны, ағаш орнына жүретін пластмасса. Осы пластмассадан әдемі шынайы, тарелкалар түрлі-түсті бояулармен безендірген сауыт, май сауыты, стакан қабы жасалады.


Бұл ыдыстар қатты қайнатқанда жарыямайды, жерге түссе де, бірнәрсеге соғылса да сынбайды.

Осы тамаша пластмасса ауадан, судан және көмірден жасалады. Химиктердің ыдысы ішінде бұл заттар ие керемет өзгеріске түседі. Ең жоғарғы қысым және температура арқылы жаңа қасиетті зат жасалып шығарылады.


Б. Розен,

Химия ғылымдарының кандидаты.


Күн қызарып, нұр төккен,
Жер көгеріп, қар кеткен.
Бау-бақшалар гүлдеген,
Жайнап қызыл гүлменен.
Колхоз жері-қырларды
Трактор жыртып аударды
Шығып жылы жайынан,
Малдар қырға жайылған.
Жылы жақтың құстары
Бізге келе бастады.
Мектептің біткен сабағы.
Бұл қай мезгіл болады?



Түн қысқарған, күн ұзақ
Күндіз ыстық, аңызак.
Мезгіл осы пісті дер
Бау-бақшада жемістер.
Жаздық, күздік егістің
Толтырған кезі жер үстің.
Шөп машина, комбайн,
Қырға ағылған күн сайын.
Төл марқайған, мал семіз,
Фермаларда сүт — теңіз.
Балалар дем алады.
Ол қай мезгіл болады?



Сарғайды жасыл жапырақ
Қуқыл тартты атырап.
Машина қырман басынан
Алтын астық тасыған.
Колхоз алып мол өнім
Тойлайды жылда сңбегін.
Мал қоралар жөнделген,
Үй ақталып өң кірген.
Жаздың қонақ құстары
Жылы жаққа ұшқаны.
Басталған мектеп сабағы.
Ол қай мезгіл болады?



Күн қысқарған, түн ұзақ.
Жерді басқан қар, мұздақ
Шаңғы, коньки шапалар...
Ойнайды тыста балалар.
Жылы орында барлық төл.
Үйіміз жылы, отын мол.
Боранды, аяз, суықты
Елемейміз біз тіпті.
Кім ойлап кәне табады?
Бұл қай мезгіл болады?


Н. Миршанов

Редколлегия мүшелері: Баранов Қ., Бегалин С., Дарханбаев Т., Ергалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Қыйрабаев С. (редактор), Нұркатов А., Нұрғазин М.

Технический редактор И. Соскинд.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журнала «Пионер».

Подписано к печати 21/VIII 1953 г. УГО8661. Бум. 84 × 108^{1/16} — 0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 16 000.
Полиграфкомбинат Главполиграфиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 1084



Жаңа кітаптар

«Бір отрядта»

Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы жақында жас жазушы С. Сарғасқаевтің «Бір отрядта» деген повестін басып шығарды. Повестьта бір отряд пионерлерінің оқуы, спортпен шұғылдануы және оқудан тысқы уақыттағы үлгілі жұмыстары баяндалады.

Повестьта пионерлер Саят пен Қайраттың достығы, олардың мінезіндегі ерекшеліктері тартымды етіп суреттелген. Бұл екеуі де бір отрядтың пионерлері: екеуі бір партада отырады. Саят үлгілі пионер, оқуды да жақсы оқыйды. Ал, Қайрат футбол, баскетбол ойынына көбірек беріліп кетеді де, сабаққа аз көңіл бөледі. Соның салдарынан сабақты нашар үлгіреді. Оның үстіне жолдастарын сыйламай, өзінің жағымсыз қылықтарын да байкатады. Бірақ, жолдастары оған ренжімейді, қайта бүкіл звено пионерлері болып, оны жақсы жолға салып, үлгілі, алдыңғы қатарлы оқушы болуына көмектеседі.

Қайрат озат оқушылар қатарына қосылады. Повестьта қызықты, тілі, жеңіл

көптеген әңгімелер кірген. Жыйнақ «Бақыт жолы» деген әңгімемен ашылады. Осы әңгімеде бір бала атасынан ауылдың сыртындағы соқпақ жолдың қайда баратынын сұрайды.

— Ендеше біліп қой, барлық жол сол Москваға барып тоғысады,— деп түсіндіреді атасы балаға сөзінің ақырында. Жолдың жайын жақсы біліп алған бала бұдан кейін өзінен сұрағандарға: — Бұл жол Москваға барады! Міне бұл бақыт жолы! — дейді.

Жыйнаққа кірген 16 әңгіменің ішінде: «Парторг», «Қоғам жұмысы», «Ұят күшті», «Қолхоз стадионында», «Баяндама», «Аяқталмаған мәжіліс» деген әңгімелер бар. Бұлардың бәрі де балалар өмірін әржақты баяндайды. Бұлардың бірі балалардың спортпен қызыға шұғылдануын суреттесе, екінші біреуі үлгілі оқушылардың табысқа қалай жеткенін, табанды алғыр мінезін, жолдастарына қамқорлығын, үлкендерді сыйлайтынын қоғам жұмысына белсене қатынасып, өнер үйренуге талпынуын, балалардың сүйкімді мінезін қызықты етіп көркем тілмен жатық суреттейді.

Валентинканың әкесі майданда болады, өзі шешесімен қалада қалады. Бір күні Валентинка сыртта ойнап жүрген кезінде не-



Л. ВОРОНКОВА

ҚАЛАДАН КЕЛГЕН ҚЫЗ

міс самолеттері қалаға бомба тастап, содан қаланың көп үйлері қыйрайды, Валентинканың үйіне де бомба түсіп, үйінің күл-талқанын шығарады, Валентинка панасыз боп жетім қалады. Үйлерінен айырылып, панасыз қалған қала халқы жақын селоларға қарай ойысады. Көршілерімен бірге Валентинка да Печаевка селосына келеді. Сол селода тұратын шаруа әйел Дария Шалихина Валентинканы асырап алады. Дария оны өзінің туған қызынан кем көрмей, аналық мейіріммен тәрбиелеп, жақсы әдеттерге баулайды.

Мейірімді ана Дария Шалихинаның қолында өскен Валентинка көп ұзамай оқуға барады.

Кітаптың уақытасы тартымды, тілі көркем, балаларды үлгілі, мейірімді болып өсуге, жақсы оқуға тәрбиелейді.

А. Таймасов.

«Бақыт жолы»

Б. Соқпақбаевтың «Бақыт жолы» атты әңгімелер жыйнағы жуықта басылып шықты. Бұл жыйнаққа балалар өмірінен жазылған

«Қаладан келген қыз»

Жазушы Л. Воронкованың «Қаладан келген қыз» деген кітабында Ұлы Отан соғысы кезінде Валентинка деген қыздың басынан кешкен уақытгалары баяндалады.


КРОССВОРД

ТІГІНЕН ОҚЫҒАНДА:

1. Октябрь революциясы жеңісін жариялап, оқ атқан крейсер.
2. Солтүстіктегі поястық жер аты.
3. Кремль мұнарасындағы сағат.
4. Ағын су.
5. Орыс совет балалар жазушысы.
6. «Сұлу шаш» романының басты кейіпкері.
7. Орыс теңізшісі.
11. «Абай» романының кейіпкері.
12. Совет Одағының батыр қызы.
13. Белгі беру үшін атылатын от.

КӨЛДЕНЕЦІНЕН ОҚЫҒАНДА:

1. Совет Одағындағы атакты пионер лагері.
8. Тәжік жазушысы.



сы Айнидың романы.
9. Геометриялық термин.
10. Қенші.
11. А. Гайдар романының бас кейіпкері.
14. Орыстың теңіз қолбасшысы.

ЖАУАП

«Пионер» журналының 1953 жылғы 7-номерінде басылған шараданың жауабы: С. Мұқановтың «Ботакөз» романы.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер: С. Сыдықов (Талдықорған облысы), Б. Көпжасаров (Қостанай облысы), С. Әбдіқұлов (Оңтүстік Қазақстан облысы), Қ. Әділбеков (Қызылорда облысы), Ж. Алпысбаев (Көкшетау облысы) Ш. Ахтанов (Батыс Қазақстан облысы).

КАРТА

МАҢЫ ҮҮР ДУР (МАҢЫ ҮҮР ДУР) (МАҢЫ ҮҮР ДУР)
МАҢЫ ҮҮР ДУР (МАҢЫ ҮҮР ДУР) (МАҢЫ ҮҮР ДУР)

